



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ЖАСТАР ІСІ КОМИТЕТІ



«ЖАСТАР» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ОРТАЛЫҒЫ»

Ата-баба дәстүрі жас ұрпаққа аманат

Әдістемелік құралы

АСТАНА
2013

УДК 37.0
ББК 74.200.25
А 90

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Жастар ісі комитетінің тапсырысы бойынша*

А 90 Ата-баба дәстүрі жас ұрпаққа аманат. Әдістемелік құрал. –
Редакциялық алқа мүшелері: *Ш.Қ. Қажығалиева, С. Ғаббасов,
Ж.Қ. Боқанова, Ж.К. Кәрімова, Р.А. Абраева.*
Астана: «Шикула және К» ЖШС, 2013. – 40 б. – қазақ тілінде.

ISBN 978–9965–418–98–3

Әдістемелік құрал «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен» даярланған.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал мұғалімдер мен ата-аналар үшін арнайы шығарылатын отбасылық тәрбие беру әдістемелік құралдарының қатарына енеді. Ол 13-18 жас аралығындағы жеткіншектерге ұлттық салт-дәстүрлерімізді, әдет-ғұрыптарымызды жаңғырту арқылы тәрбие беруге арналған.

ISBN 978–9965–418–98–3

УДК 37.0
ББК 74.200.25

КІРІСПЕ

*Бауырласқан тәніміз,
Бұзылмаған антымыз.
Кең даланың ежелгі,
Қазақ дейтін халқымыз.
Өзге ұлттай біздің де,
Бар дәстүр мен салтымыз.*

«Ұлттық дәстүр» ұғымы – бүгінгі күнде өмірде жиі қолданылатын, екінің бірінің аузынан түспейтін сөз. Алайда, оның мәні мен мазмұнына сол екінің бірі жете-бара бермейтіні мәлім. Содан болар, дәстүр сөзін әркім өз таным-түсінігіне қарай орынды, орынсыз қолдана беретіні байқалады. Шындап келгенде, дәстүр жөніндегі қазақы таным-түсінікпен сорпасы қосылмайтын, үйлесімі жоқ, шолақ қайырым, келте түйін жасайтындар да аз емес.

Салт-дәстүр дегеніміз, белгілі бір ұлтты құрайтын халықтың ата-бабаларының халық болып қалыптасу жолындағы бүкіл тіршілік тәжірибесінен сан ғасырлар бойы тірнектеп жинап, сұрыптау тезінен өткізіп, бір жүйеге келтіріп, қалыпқа түсірген өмір сүру салты, заңы. Оған басқа ұлттың ортақтығы жоқ.

Ұлтымыз қашан да баласының рухани жағынан бай болуына аса көңіл бөлген. Халқымызда «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген нақыл бар. Сәби дүниеге келгеннен бастап, оның ойлы, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, ақыл-ойының жетілуіне қазағымыз баса назар аударған. Кішкентайынан бала бойына адалдық, әділдік, мейірімділік, адамгершілік сияқты бар ізгі қасиеттерді сіңіруде халықтық педагогикасының мәні айрықша. Ұлтымызбен бірге жасасып келе жатқан мол мұраларымыздың құндылығына ешкім дау айта алмас.

Өсіп келе жатқан ұрпақтың ата-анасы осы ілкіден қалыптасқан әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүрлі тәжірибені қолға алса, ұлттық мінез, ата-баба дәстүрі де жаңғыра түседі.

Қазақстан Республикасының 2007 жылы қабылданған «Білім туралы» заңының 8 бабында Білім беру жүйесінің міндеттерінде: «Азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеп, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр салтын оқып-үйрену үшін жағдай жасау» деп көрсетілген.

Сондықтан да ұлттық салт-дәстүрлерді балабақшадан бастап жоғары оқу орындарында дейін кең түрде насихаттау қажет.

Осыған орай, Елбасы – Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында, «Жас Отан» ЖҚ ІІ Съезінде, Қазақстан халқы Ассамблеясының ХІХ сессиясында берілген нұсқауының контекстінде, жеткіншек жастағы балалармен жұмыс істеу – бүгінгі күннің басты талаптарының орындалуы өзекті болуда.

Мақсаты – заман өзгерсе де ұлттық салт-дәстүріміздің көнермейтіндігін еске салып, ұлттық мұраны қайта жаңғырту; оқушыларды халқымыздың ұлттық салт-дәстүрлер құндылықтарымен терең таныстырып, оның тарихын баяндай отырып, салт-дәстүр, әдет-ғұрып бойынша шығармаларды бойына сіңіріп, жан-жақты дамыған, ой-өрісі кең мәдениетті тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

– Өскелең ұрпақты тәрбиелеу барысындағы салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың маңызы мен мәнін ашып, жеткізу;

– Қазақ мектебінің тәрбие үрдісін қазақтың салт-дәстүрлері арқылы ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтау;

– Жас ұрпақтың бойында өнеге боларлық халықтың салт-дәстүрлері негіздерін дарыту, үлкенге, ата-анаға деген құрмет сезімін тәрбиелеу;

– Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет ғұрпын өз тәжірибесіндегі түрлі жағдайларда қолдана білу;

– Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрып, мәдениет арқылы тәрбиелеу үрдісінде әдістемелік тұрғыдан көмек көрсетіп, халық өнегесін үйрету;

– Қазақтың ғасырлар бойы жинақтаған игі дәстүрлерін сақтай біліп, негізін бекіту.

Әдістемелік құрал төмендегі 3 бөлімнен құралып, негізгі бөлімінде тақырыптың өзектілігі, мақсаттары, болжамды нәтижелері, орындалу мерзімі белгіленген. «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының қоғамдық және отбасылық мәні, қалыптасу тарихы, заманауи қоғамдық талаптарға сәйкестілігі» атты бірінші бөлімінде басты деректер көзі көрсетіліп, тарихнамалық шолу жасалады, қоғамдық мәні анықталып, тәжірибелік маңызы мен құндылығы беріледі. «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары түрлеріне сипаттама беру» атты 2-бөлімінде қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының түрлілігі жеке жіктеліп, сипатталады. «Қазіргі кездегі салт-дәстүрлерді білім беру мекемелерінде оқыту әдістемелері, отбасылық жағдайда оларды қолдану түрлері» атты 3-бөлімінде теориялық және методологиялық негіздері қарастырылып, ата-аналарға жеке, оқытушыларға жеке тәжірибелік маңыздылығы бар ұсыныстар беріледі.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып атадан балаға қалып отыратын мол мұра. Әр ұлттың өзіне тән салт-дәстүрі бар. Халық педагогикасының тұрмыстық ереже болып, халықтың салтына айналған әдет-ғұрыптардың тәрбиелік мәні

ерекше. Халқымыздың ұлттық құндылықтары жастарды әдептілікке, бауырмалдылыққа, қонақжайлылыққа, қайырымдылыққа тәрбиелейді. Халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіре отырып өзіндік тұрмыстық-әлеуметтік мәдени дәстүрлерін жалғастырушы жеткіншектер болып табылады. Әдістемелік құралда ата-бабамыздың салған сара жолынан таймай, кейінгі толқынды ұлттық мәдениетіміздің өркендеуіне үлестерін қосуға шақыру жолдары қамтылып отыр.

Өткен күнсіз келешек жоқ. Бүгінгі жас ұрпақты ғасыр қойнауларынан жеккен ата-бабаларымыздың мол мұрасымен сусындату біздің міндетіміз. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып қалыптасуы, бабалар мұрасына байланысты. Демек, өскелең ұрпақты бабаларымыздың өнегесін, өсиетін пайдалана отырып тәрбиелеу ұлттық тұлғаны қалыптастырады.

Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы үшін атсалысатын жас азаматтарды тәрбиелеп шығу – біздің ортақ міндетіміз.

I тарау.
**ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН
ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ
МӘНІ, ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ, ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДЫҚ
ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІЛІГІ**

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Ал ұрпақты жан-жақты келбетті етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдылық ролі орасан зор. Өзге халықтар сияқты қазақ елінің ұрпақ тәрбиесі жөнінде атам заманнан бері жиып-терген мол тәжірибесі бар. Аға буын өз бойындағы ізеттілікті, қайырымдылықты, кішіпейілділікті, әдептілікті, елін-жерін, Отанын сүюде ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа сіңіріп келеді.

Жер жүзінде екі мыңнан астам ұлт пен ұлыс тіршілік етеді десек, солардың әрқайсысының өзіне ғана тән әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері бар. Олар – халық мәдениетінің аса мәнді құрамдас бөлігі, одан ол халыққа жататын адамдар мәдениетінің деңгейі, рухани байлығы, басқа ұлттар мен ұлыстардан, халықтардан айырмашылығының барлық белгілері анық танылады. Сонымен қатар салт-сана, дәстүр қатып-семген, мәңгі өзгермейтін нәрселер емес. Елдің мәдениетіне, экономикасына ілесіп өркендеп отырады.



Салт – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар тұғырының негізі ретінде қалыптасқан.

Дәстүрсіз халық жоқ. Ол тарихи негізінде қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып жалпыға бірдей әдеп, инабат нормасы болып табылады. Дәстүрлердің жалпыға ортақ ең маңызды қызметі – адамдар арасындағы өркендеп және өзгеріп отыратын тұрақтылықты ретке келтіріп отыру.

Сонымен қатар дәстүрден, ғұрып-салтан адамдар өзінің жеке басын таниды. Мұнда адамдардың айналадағы заттар – нәрселер мен табиғат құбылыстарына қатынасы жеке ұлттың және кәсіби өзгешеліктер көрініс табады. Мысалы, Үндістанда сиыр мен маймылдың ерекше құрметтелуі, қытайлардың, жапондардың жыланға етін, италияндықтардың есектің етін аса сый тағамға санауы, қазақта қойдың басын сыйлы қонақ ретінде ер адамға, қырғызда әйелге ұсынуы тағы басқа сияқтылар сондай салт-ғұрыптар өзгешеліктеріне жатады да, соларға байланысты әдептік талаптар келіп шығады. Ел мен ел, ұлыс пен ұлыс шекаралас, аралас-құраласта өмір сүреді. Сондықтан олардың әдет-ғұрып ырымдарында

ұқсастықтары да бар. Мысалы Иранда жылдың ақырғы сәрсенбісін киелі күнге балап, ол күнгі барлық тілек қабыл болып, ойлаған ой іске асады деп ырымдайды екен. Ирандықтар бұл сәрсенбіні «қызыл сәрсенбі» деп атайды. Әсіресе ол күнді бойжеткен қыздар асыға күтеді. Олар соңғы сәрсенбіге байланысты шартты орындар, түрлі жоралғы – кәделер жақсы жасалса, тұрмысқа шығуымыздың сәті түседі деп сенеді. Біздің халқымызда:

Сәрсенбі сәтті күні той жасапсыз. Тойыңыз құтты болсын, қыз атасы! – деп «Тойбастар» жырында айтысатын, сол күнгі бастаған ісі сәтті болады деп ұғынылатын «Сәрсенбінің сәттісі» ырымының да иранның «қызыл сәрсенбісімен» бір негізден шығуы да ғажап емес.

Мұның бәрі әр түрлі халықтардың салт-дәстүрлерінде кейде әріден жалғасатын сабақтастық та, діни наным бірлігінен бастау алған ұқсастық та, тарихи аралас-құраластық. Ұзақ уақыт іргелес-шекаралас өмір кешуден болған ауыс-түйістер де кездесетіні сондай-ақ өздеріне ғана тән, былайғы жұртқа өрескел, ерсі көрінетіндері де болатыны дәлел.

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Ол өзінің өрісі биік, сын сапасы өскелең мәдениетіне бір күнде жеткен жоқ. Осы мол зор қазынаның түп-төркіні сонау 6-8 ғасырдағы Орхон-Енисей ежелгі түрік жазбаларынан басталады. Қазіргі Қазақстан аумағында жүргізілген археологиялық қазбалар біздің ертедегі ата-бабаларымыздың тек мал баққан, жерін шет жаудан қорғаған батыр жауынгер ғана емес, ақын, жыршы, шешен, сонымен қоса сәулетші, мүсінші, ұста, зергер де болған екенін дәлелдеді.

Ата-баба жолын ұстанудың идеологиялық және тарихнамалық негізі шежірелік дәстүр болды. Шежіренің архитектуроникасының осы екі мақсатқа негізделуінің себебі де осында. Тарихнамалық жағынан, шежіре осынау мамыражай тоқ тіршіліктің бүгіндері бақилық болған жасампаз күші – ата-бабаның ерлік істері мен ұлы өсиеттерін дәріптеді. Ал идеологиялық жағынан, ата-бабаны құрметтеу жосынының бұлжымас ұстаным екендігін негіздеді.

Белгілі француз элеуметтанушысы Э.Дюркгейм «Дәстүр – адамдардың тәртіптерін жөнге түсіріп және әрекетке келтіріп отыратын заңы. Дәстүрді бұзғаны үшін берілген жаза тайпалардың бірлігін сақтауға көмектесетін қорғаушы құралы болып табылады», – дейді.

Бұл жерде әңгіме бірлестіктің берік өмір сүруі үшін, оған кіретін адамдарға дәстүр талаптарын орындаудың міндеттілігі жайында болып отыр.

Дәстүрдің тағы бір қызметі – жақындастыру. Мұның тарихтағы айқын көрінісі – рулық қауымдастықтар, олардың ауызбірлігі, тұтастықтарын сақтауға ұмтылушылық.

Дәстүр ақпараттық қызмет атқарады. Ақпарлар дәстүр арқылы екшеленіп, қорытылып, қоғам жадында сақталады, соның арқасында ғасырдан ғасырға жетеді. Соған байланысты адамдардың дүниеге келген жаңа ұрпақтары өзара қарым-қатынас нормаларын қайтадан жасап қалыптастырып әуреленбейді, яғни бұрыннан қалған жол-жосын бағытын басшылыққа алады.

Дәстүрлі қазақ қоғамының өмір сүру қалыбын ішінара жан-жақты сипаттауға ұмтылған салмақты зерттеу жұмыстары XVIII ғасырдың екінші жартысында басталды. Бұл зерттеулердің қазақтың көшпелілік дәстүрлі құрылымына берген

бағасын дәл анықтау тарихнамалық еңбектердің басты мақсаты. Бұл салада Қазақстан ғалымдары тарапынан қол жеткен жетістік аз емес.

XIX ғасыр Қазақстан тарихнамасы үшін аса бір табысты кезең болды. Осы ғасырдың бас кезінен бастау алған қазақ даласын әртүрлі мақсаттағы зерттеу жұмысының тізімі уақыт өте келе үлкен нөпірмен көбейе түсті. XIX ғасырдың ортасы мен соңғы кезеңіне қарай қазақ даласын отарлау саясаты күшейіп, реформалардың жүргізілуі қазақ қоғамын кең көлемді, жан-жақты қамтылған зерттеу еңбектерінің дүниеге келуіне қозғау салды. Олардың ішінде Ш.Ш.Уәлихановтың қазақтың этномәдени, әлеуметтік-саяси құрылымының қалыптасу, өмір сүру ерекшеліктеріне байланысты маңызды ойлары қазіргі күнге дейін өзінің ғылыми маңызын жойған жоқ. Оның пікірінше қазақ дәстүрлерінің бәрі өз бастауларын көнеден алады.

Осы кезеңде жарық көрген еңбектердің ішінде ғылыми құндылығы мен әдістемелік объективтілігі жоғары атақты түріктанушы В.В.Радловтың зерттеулері болып табылады. Көшпелі шаруашылық жағдайында қалыптасқан қазақ қоғамының ішкі табиғи өмір сүру ерекшелігін дәл басып, таныған ол XIX ғасырдың орта шеніне дейін басым болып келген А.И.Левшиннің пікіріне: «...оларда (қазақтарда) бізден өзгеше, бөлек, өз ішінде толық реттелген мәдени қарым қатынастар бар», – деп тойтарыс береді, әрі қазақтың отбасылық салт-дәстүрлері, оның ішінде ас беру дәстүрінің орындалу ретін Ұлы жүзде өзі қатысқан бір астың негізінде толық қағаз бетіне түсіреді.

Қазақ халқының рухани дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасу кезеңдері мен даму үрдістерін ғылыми тұрғыдан зерделеуде теориялық тұғырнама ретінде пайдалануға С.А.Токарев, Г.П.Снесарев, Л.Я.Штернберг, Н.А.Алексеев, Г.Н.Симаков т.б. еңбектерінің маңызы зор.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы қазақ этнографиясын зерттеушілерінің арасында аса өнімді зерттеулер жүргізілген, көне наным-сенімдер мен ырымдар, әдет-ғұрыптар туралы бай материалдар жинап жарыққа шығарған Ә. Диваевты атау керек. Оның Оңтүстік өңірі қазақтарының тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін аса білгірлікпен жинақталып, жүйеленген деректері жарық көрді.

Қазақтардың бар дәстүрінің бейнесі қазақ көркем сөз әдебиеті жанларында да асқан дәлдікпен суреттеледі. М.Әуезовтың «Абай жолы», І.Жансүгіровтің «Құлагер», І.Есенберлиннің «Көшпенділер», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», С.Мұқановтың «Ботагөз», Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер», Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан», С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», «Көкшетау», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» шығармаларында салт-дәстүрлердің өткізілуі аса көркем, әрі тарихи шыншылдықпен баяндалған.

Осынау «дәулеті асқан, бағы жанған, бақыт қонған» заманның ең басты жасампаз күші, әрине, ата-бабаларымыз.

Бүгінгі тіршіліктің де баянды болуы осынау ұлы дәстүр – бабалар дәстүрі ата-баба жолын ұстануда жатыр. Осы себепті көшпелі өмір салтын кешкен жан үшін өткен уақыт, бұрынғы заман, бүгінгі заман, қазір ұғымдарының мән-мағынасы ата-баба жолы санатымен байланысты ғана айқындалады.

Халық тәрбиесі – сол халықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, отбасылық, қоғамдық, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, дамып жеткен тарихи және мәдени мұрасы.

Академик Г.Н.Волков «...батыстан келген рухани апаттан жастарды аман алып қалудың жолын қарастыруымыз керек. Ол әр халықтың ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесінде қалыптасқан, түрлі сыннан сүрінбей өткен халықтың бай тәжірибесіне сүйенген халықтық педагогика болмақ», – деп жазады.

Әрбір жаңа ұрпақ өткен ғасырлар мұрасының әсеріне ұшырап, оған бойсұнуға әзір.

Егеменді ел жастарының санасына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор. Ақынжанды, ақ жарқын, шешен, өнерпаз, өнегелі халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиелік әдеттері мен ережелері, рәсімдері мен салт-саналық дәстүрлері жас ұрпақтың жан жүйесіне әсер етіп, санасына сіңсе, ұлттық мәдениетті игерген, иман жүзді, инабатты ұрпақ жалпы адамзаттық асыл қасиеттерге де ие болады.

«Түбірлі мәселені шешерде, түп атадан келе жатқан жолды ұстар» дейтін мақалдардың бір әулеттен келесі әулетке ұмытылмай жетіп келе жатуының өзі – дәстүр. Халық осындай дәстүр жалғастығын зор мұрат санайды. «Атадан ұл туса – игі, ата жолын қуса игі» деген ұлы арман соған мензейді.

Сондықтан да жеткіншек ұрпақтың дәстүрге құрметпен, әрі ықтияттылықпен қарауы, яғни оны түсінуі, дәстүрді бұзып алып, адамдардың көңіліне қаяу салудан қатты сақтануы айрықша мәнді қастерлі қасиет саналады. Ондай жастар «көргенді» деп бағаланады, көптің алғысына бөленеді, дәстүрмен сыйыспайтын іс істегендер «тексіз», «көргенсіз» деген өте жеккөрінішті атқа ие болып, қауымдастық алдында абыройдан айырылып, ауыр айыпқа бұйырылады.

II тарау.

ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ ТҮРЛЕРІНЕ СИПАТТАМА БЕРУ

Салт – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар тұғырының негізі.

Халық педагогикасының тұрмыстық ереже болып, халықтың салтына айналған әдет-ғұрыптардың тәрбиелік мәні ерекше.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері бірнеше түрлерге жіктеледі:

Отау көтеру дәстүрлері: қыз айттыру, қыз көру, шеге шапан, құда түсу, бата аяқ, құда тартар, қалың мал, балдыз қалың, киім тігу, киіт, құйрық бауыр, өлі-тірі, қынаменде (ұрын келу), қыз қашар, сәукеле кигізу, күйеу киімі, той малы, қапқа салар, жігіт түйе, сүт ақы, қыз танысу, сынсу, қыз ұзату, неке қияр, жар-жар, ау-шадияр, ау-жар, қоштасу, жасау, қыз көші, түйемұрындық, шаңырақ түйе, келін түсіру, беташар, бие қысырмас, күйеуаяқ, жолдық, отау көтеру, шаңырақ көтеру, атбайлар, құттық, үй көрсету, есік ашар, өңір салу, ілу, дәмету, кимешек кигізу, құрсақ шашу, жарыс қазан.

Тәрбие дәстүрлері: шілдехана, шілде қаққан, сүйіндір, кіндік кесер, қалжа, ат қою, бесікке салу, бесік жыры, тыштырма, тымаққа салу, қырқынан шығару, иткөйлек, бауырына салу, асырап алу, тұсаукесер, базарлық, байғазы, бастаңғы, бәсіре, тілашар, ашамайға мінгізу, жеті ата, енші, көгентүп, айдар, кекіл, тұлым, асату, ұйқышар, селт еткізер, сүндет той, құлақ тесу, аузына түкірту, алтыбақан, тыйым, тобық жұту, тобық тығу, қызойнақ, қыз қуу, мүше алу, біз шаншар, қыз алар, босаға майлау, келін көңілі.

Отбасы, тұрмыс дәстүрлері: ақ үй аманат, аманат, ант, ақ алып шығу, ақ құйып шығару, ақ жол, ат мінгізіп, шапан жабу, ат тергеу, айтыс, айып, айрылысар көже, ауызбастырық, ауыз тию, ат құйрығын кесу, ат майы, артынан топырақ шашу, ақтық, абысын асы, араша, аяғына жығылу, әменгерлік, әдеп, әдет, бата, теріс бата, байлау, баутағар, бал басы, белкөтерер, бес жақсы, бәс, бүйрек, бет айғақ, бұйымтай, бәйге, дау, дауыс, дәстүр, деңгене, дүре, дерт көшіру, емге сұрау, ен, емшегін көкке сауу, есекке теріс мінгізу, ерулік, жаза, жекпежек, жиенқұйрық, жолаяқ, жолдасу, жылу, жұртшылық, жыртыс, кәде, көрімдік, көрісу, көз тию, көрші хақы, көкпар, көңіл сұрау, күн санау, ай санау, жыл санау, жыл қайыру, қалау, қазан шегелеу, қарашаңырақ, қап қағар, қонақасы, қонақ кәде, қорықтық құю, құмалақ салу, құн, жарқын құн, қарыз, пайғамбар қарызы, құтты болсын айту, құрдастық қалжың, салт, сал-серілік, сауға, саумалық, сауын алу, сауын айту, сарқыт, сайыс, соғым басы, сүйек жаңғырту, сәлем беру, сәлем ету, сәлемдеме, сүйінші, сыбаға, өлі сыбаға, табақ тарту, таңба, туған күн, мүшел, мүшелтой, алтын той, күміс той, той, тойхана, тойбастар, тойтарқатар, тоғыз, туған жерге аунату, туырлығын тілу, тәбәрік, тіл кестіру, тізе бұғу, тоқымқағар, төркіндеу, түс жору, от басын сабау, отпен аластау, отқа май құю, уәде, үй сынығы, ұран, шашу, шарғы салу, шүлен тарату, ым, ишара, ырым, іргеден шығару.



Еңбек дәстүрлері: асар, биебау, жылқы күзеу, күзем шай, кеусен, келі түбі, көген той, қол ұшын беру, қол үздік, қазық майлау, қой басты, тулақ шашу, таңсерік, нәзір, үме, сірге мөлдіретер, сабан той, сал бурын, сыралғы, лау, аңшылық, саятшылық, шашыратқы.

Наурыз дәстүрлері: наурызнама, наурыз күні, қыдыр ата, наурыз көже, наурыз жыры, наурыз бата, наурыз жұмбақ, наурыз тілек, наурыз төл, наурыzkөк, наурыз есім, наурыз шешек, наурызша, саумалық.

Ислам тағылымдары: айт, айттық, құрбан шалу, ақсарбас, аластау, ақтық байлау, айналмақ, жарапазан, жарапазанның батасы, жұмалық, зекет, зікір, құдайы, құран ұстау, ораза, ауыз ашар, намаз, пітір, садақа, сыйыну, талақ, тасборан, тұмар, ұшықтау, үшкіру, ішірткі, мойнына бұршақ салу.

Қаза ғұрыптары: арыздасу, өсиет, иман айту, естірту, көңіл айту, жоқтау, ақтай жоқтау, шашын жаю, қара тігу, көрісу, жаназа, сүйекке кіру, сыйыт, аманат қою, мұра, топырақ салу, бата оқыр, дұға, підия, тұлдау, аруақты еске алу, шек беру, жерошақ майлау, ас, тұл аудару, қара жығу.

Халық тәрбиені балаға ана құрсағында жатқаннан бастайды. Оған куә іштегі сәбидің уақытында дүниеге келуі үшін үлкен аналар түрлі ырымдар жасайды.

Шілдеhana (салт). Жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық, той.

Шілдеhana – сәби дүниеге келген соң бір жеті бойы ана мен баланы күтіп, оның көңілін көтеріп, оның қасына дастархан жаю әдеті. Қазақ елінің әр түкпірінде бұл рәсім әр қалай өтеді. Сол күні баланы шілде суына шомылдырып, сыңғырлаған тиындар салады, балаға денсаулықпен бірге байлық та тілейді. Шілдеhana өткізілетін күні ана әбден сорпаланып өзінің шілде терін шығаруы тиіс.

Кіндік кесер (салт). Нәресте туған сәтте оның кіндігін кесуге әйелдер (кіндік шешесі) дайын тұрады. Кіндік кесу – мәртебелі, абыройлы іс.

Бесікке салу (салт). Жаңа туған баланы бесікке салу. Бесік қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікке салу – бұл кішігірім той ретінде өтеді. Келушілер тарту, шашу, жоралғыларыналып келеді, бесікке салу



немесе бөлеу тәжірибелі әжеге немесе анаға жүктеледі. Әже бесікті аластап, баланы бесікке бөлейді.

Бесікті түбегімен, жабдығымен кіндік шеше алып келеді, сумен бала шыланады, ыдыстары отырғандарға таратылып беріледі. Баланың «ит көйлегі» жүгіртіледі, яғни тәтті дәм толтырылған кішкене дорба иттің мойынына көйлегімен байланады да жүгіртіледі, соңынан қуып жеткен бала дорбаға ие болады. Бесіктің түбегі орналасқан жерден кішкене бұршақ тәрізді тоқаштар өткізіліп, оны «тыштырма» деп айтады. Осы жерде жиналған аналар бесік жырларын айтады. Бесік

жырының сөздері естияр балалардың ой-қиялына жыр етіп, ананың мейір-шапағатын арттырады. Ондай отты жырларды балалар да жаттап алу керек.


Қырқынан шығару (салт).

Баланың туғанына қырық күн толған соң оны ыдысқа қырық қасық су құйып шомылдырады, ол сәбидің жан-жүйесінің қалыптасып дені сау болып өсуіне деген ақ тілектен шыққан. Бөбек дүниеге келгеннен алғаш рет шашы мен тырнағы алынып, оны аяқ баспайтын жерге көмеді. Бесікке салу рәсімі орындалады. Әжесі «Өс-өс балам өсе бер» – деп денесін шынықтырады. Сылап, майлап баланы бесікке бөлейді. Судағы күміс тиынды алып, «Күмістей жалтырап» жүріңдер, сендерге де жұғысты болсын деп келіншектерге таратып береді. Келін әженің иығына орамал жабады. Бата беріледі.



40-күннің өзі ананың бой көтеріп, денсаулығы түзелген кезде болады. Жалпы осы уақыт ішінде ананың да, баланың да денсаулығы өте мықты күтімді қажет етеді. Анаға кіндік шеше көмек беруі тиіс. Бұл дастархан басына тек әйел адамдар келіп қатысады.

Тұсау кесер (салт). Сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып. Бір жасқа толып еркін жүре бастаған бал бөбектің басқан қадамы құтты болып, одан әрі жаны жамандық көрмей жақсы жүріп кетуіне тілек білдіру салтанаты ретінде өтеді. Бөбектің тұсауын ата-ананың қалауы кеседі. Тұсауы кесілген баланы «Ақ жол болсын» деп ақ орамалдың үстімен немесе жұмсақ болсын деп кілем үстімен жүргізеді. Тұсау кесер жырлары айтылады.



*Қаз, қаз балам, қаз балам,
Қадамыңды жаз, балам
Әнекей, ақ бесік.
Әлдиіме бақ бесік.
Шүмегіңді салайын,
Сылдырмағын тағайын.
Жібек көрпе жабайын,
Бауық барқыт пүліштей
Балдақтарың күмістей,*

*Жабдығыңмен сыйлысың.
Жатса бөпем жайлысын,
Көсем сенен өседі
Жайлы болсын төсегі.
Одан соң, анасы:
Немереңізді алайық
Әжесіне барайық
Ер жетті деп айтайық
Шашудан дәм татайық.*

Одан кейін қонақтарға шашу шашылады. «Қолыңыз жеңіл болсын, сіз сияқты жүйрік болсын. Орамал тон болмайды, жол болады» деген ырыммен әжесіне не болмаса тұсау кескен кісіге көйлек кигізеді.



Баланы атқа мінгізу салты – баланың буыны бекіп, 4-6 жасқа келгенде ат үстінде өзін-өзі ұстап отыра алатын жағдайға жеткенде, атқа мінгізу салтын жасап, ат құлағында ойнайтын денсаулығы зор, мықты, шымыр жауынгер, еңбекқор, қиыншылыққа төзімді ұрпақ тәрбиелеудің бір түрі.

Балаға ер-тұрмандарын сыйлап (ашамай, жандарба, тоқым, жүген, нокта), атқа мінгізіп той жасайды. Бұл әрекет ер баланың ендігі азамат болуға дайындалғанының белгісі болып саналады.

Халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерін дәріптеу. Соның бірі – «Қыз ұзату» тойы.

«Ұлын – ұяға, қызын – қияға қондыру» – ата-ананың тілегі, әрі парызы. Соның ішінде қыз ұзату – үлкен той, думан әрі қызық. Бұл күні ата – ана қуанады, әрі жылайды. Қуанатыны қыз өсірді және оны құтты жерге қондыруы, жылайтыны әрине қимастық көңілі.

Қызды алуға құда (тақ санмен) бес немесе жеті кейде одан да көп адам келеді. Мұның ішінде бас құда, құдалар және күйеу жолдас болады. Солтүстік және Орталық Қазақстанда тек ер адамдар барады. Құдалар әдетте кешкілік баруы керек. Мұнда ойын – сауық, құдалық рәсімдер мен кәде-жоралар жасалады.

Ұзатылатын қызды дәстүр бойынша таң ата, күн шыға жөнелтеді. Оның алдында қыз «қоштасу жырын», жастар «жар - жар», «ау - жар» айтылады.

Тойда қыз – жігіттер тобы ұзатылған қыздың көңілін аулап, баратын жағында да, осындай жайлар болатынын өлеңмен айтысады. Сонымен бірге олар қыздың бақытты, елге сыйлы болуына тілектестік білдіреді. Мұның бәрі өлеңмен айтылатындықтан «жар - жар» қызықты болып естіледі.

*Алып келген базардан
Қара насыр, жар - жар
Қара мақпал сәукеле,
Шашын басар, жар - жар
Мұнда әкем қалды деп,
Қам жемеңіз жар - жар
Жақсы болса қайны атаң,
Орнын басар жар - жар!*

*Есік алды қара су,
Майдан болсын жар - жар
Ақ жүзімді көргендей,
Айнам болсын жар - жар
Қайны атасы бар деуді - ау
Осы қазақ жар - жар
Айналайын әкемдей,
Қайдан болсын жар – жар*

Ұзатылатын қыз өз үйінен аттанар алдында өзінің ата-анасымен, аға – інісімен, сіңлісі, жақын – жуықтарымен қоштасу жырын айтады.



Дәстүр бойынша ұзатылған қыз жыл толмай өз үйіне бара алмайды. Қоштасу қазақ халқының бауырмалдық, әншілік, айтқыштық қабілетін көрсететін тұрмыс

– салт жырларының ішінде көркем де, көрнекті дәстүр. Қоштасу жыры соңынан қыздың жеңгелері мен серіктері:

*Ата салтым – асыл мұрам, ардағым,
Бабалардың жалғастырар арманын.
Сан ғасырда қалтын бұзбас қадірім,
Өткенімді бүгінменен жалғадым.*

Халқымыздың әдет – ғұрып пен дәстүрін, тарихын біліп, оны қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Ғұрып. Қазақтың өмір салты, өрен салты т.б. қолдану мен дәріптеуді ғұрып дейміз.

Қазақ халқында қалыптасқан бірнеше ғұрыптар:

Есімін атау (ат қою). Қазақ халқы жаңа туған сәбиге жақсы есімдер мен әйгілі адамдардың атын қойып, беделді кісілердің батасын алған. Бұл рәсім ұлағатты кісіге жүктеледі. Қазақ аттарының көптігі басқа халықтардан ерекшелігі. Қыз балалардың есімдері олардың көркемдігі. Ат қою «көз тимесін» деген оймен қойылады. Ат таңдалғаннан кейін баланың құлағына 3 қайтара айтылады. Туысқандары шашу шашып, сыйлықтарын береді.

Айдар (ғұрып). Балалардың төбе шашын ұзартып өсіріп қояды. Бұл ғұрып ер балаға жасалады. Сәбилерге шаш орнына кекіл, тұлым да қойылады.



Кекіл (ғұрып). Жас балалардың шашын ұстарамен алып тастайды да маңдайына бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қиып қояды. Оны «кекіл» дейді.

Дәстүр – халықтың атадан балаға көшіп, жалғасын және дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік салт-сана, әдет-ғұрып, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекеттер көрінісі.

Қазақтың бірнеше дәстүрлерін атап өтсек.

Тыштырма (дәстүр). Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп «тыштыма, тыштыма» деп ырым жасайды және оны «тыштырма» деп атайды. Тыштырманы әйелдер ырым етіп бөлісіп, бала-шағаларына үлестіріп береді.

Базарлық (дәстүр) – алыс сапарға шыққан адамдардың жақындарына (жерлес, көрші-көлем, жас балалар, сыйлас адамдарына) әкелген сыйлығы.

Байғазы (дәстүр) – балалардың, жастардың жаңа киім үшін берілетін ақшалай, заттай сый.

Тілашар (дәстүр). Баласы 7 жасқа толған соң балаға жаңа киім кигізіп, оқу жабдықтарын дайындап, шағын той өткізеді. Мұны «тілашар» тойы деп атайды.

Асату (дәстүр). Ет желініп болған соң төрде отырған ақсақал табақта қалған етті жас балалар мен жігіттерге асатады.

Бауырына салу. Ата, әжесі немересін уақытша тәрбиелеуге алса, оны «бауырына салу» деп атайды. Ол бала ержеткен соң әке-шешесіне барады немесе сол шаңырақта қалып қояды. Қазақта ата, әжесінің бірінші немересі солардың баласы деп есептеледі.

Асырап алу. Өз кіндігінен сәби сүймеген ерлі-зайыптылар ата-анасының ризашылығымен жақын туыстарынан бала асырап алады. Мұндай жағдайда асырап алғысы келген баланың әке-шешесімен алдын-ала келіседі. Олар да, туған-туыстары да, ол баланы асырап алған сырды көпке жайып, айтпайды. Сөз болмауы үшін бала асырап алған ерлі-зайыптылар көбінесе басқа жаққа көшіп те кетеді.

Сүйінші сұрау. Әйелі, келіні, қызы бала туғанда күйеуіне, ата-әжесіне, әке-шешесіне қуанышты хабарды жеткізіп, сүйінші сұрайды. Жоғалған малы, заты, ертеректе адасып қалған туған-туыстары табылғанда да сүйінші сұрап, қуанышын бөліседі. Сүйіншіге жақсы хабардың маңызына қарай әртүрлі бағалы заттар, мал, ақша беріледі.

Жолаяқ жасау. Ұзақ сапарға шығатын адам қой сойып, жақын туған-туыс, замандастарын шақырып, үлкендерден бата алады. Қазақ мұны «Жолаяқ жасау» дейді. Жолаяқ – сыйластықтың белгісі. Оны жасайтын адамның жаятын дастарқаны мүмкіндігіне сәйкес болады.

Тәбәрік. Көп жасаған кісілер қайтыс болғанда туған-туыстары тірі кезінде тұтынған заттарын бөлісіп алып, оны киелі санайды. Бұл – тәбәрік алу.

Шашу. Тойда, мерекеде ақ жаулықты аналар шашу шашады. Ол қуаныштың белгісі. Шашуды кәмпит тәрізді тәттілерден де, күміс теңгелерден де шашуға болады. Жаңа түскен келін табалдырық аттарда да шашу шашу – қалыптасқан дәстүр.

Сүйек жаңғырту. Әке-шешесі мен ата-әжесі қыз беріп, қыз алысқан әулеттің кейінгі шаңырақ иелері қайтадан сол жақпен қыз алысып, қыз берісіп, құдақұдағи болады. Мұны сүйек жаңғырту деп атайды. Қазір сүйек жаңғыртқанда екі жастың келісімі болуға тиісті.

Асар. Үй салу тәрізді үлкен күшті, көп адамды қажет ететін жұмыста оны бастаушы көрші-көлем, туған-туыстарын жинап, іске кіріседі. Бұл көмек – асар деп аталады. Оған қатысушылар ақы алмайды. Жұмыс иесі асарға қатысушыларға мол дастарқан жаяды, оларға ақ алғысын айтады.

Ұлттық қадір-қасиеттер – ұлттық сана-сезімнің өзегі, адамгершіліктің бірегейі, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының жемісі, кісілік қасиеттер жиынтығы.

Қазақ халқы өз ұрпағын адамгершілікке, ізгілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді ежелден-ақ өзінің басты мақсаты етіп қойған.

Ұлттық қадір-қасиеттер: әдептілік, қонақжайлылық, бауырмалдық, қайырымдылық, т.б.

Әдептілік – әдеп сақтау халықтық рәсімге, жол-жоралғыға, тәртіпке құлдық етіп амалсыз бағынуы емес, сол заңдылықтарды құрметтеу, қастерлеу, дәлірек айтқанда адамгершілік борышты сақтау болып табылады. «Әдептілік – әдемілік» дейді халық. Әдеп сақтаудың психологиялық астары терең. Әдептілік – ізеттік, кішіпейілдік, кішілік деген сөз. Қазақ этносында атадан балаға мирас болып келе жатқан әдептілік дәстүрдің бірі – аттергеу, кісіге қосымша ат қою.

Аттергеу – бұл кісіні қастерлеп, оны өз айтылуында атамай құрметпен атау, оны сыйлау, құрметтеу, қадір тұту: «Ақ бөпем», «Үкім», «Тәмпіш танауым» т.б. Балалар да жанындай жақсы көргендерін «Ақ әжем», «Мырза әжем», «Аппақ апам» деп атаған. Қазақ әйелдері қайыны, қайын сіңлілеріне ат қоюға шебер. Мәселен, «Ақ жігіт», «Сал жігіт», «Еркежан», «Шырайлым» т.б.

Қонақжайлылық. Меймандостық – ата салтымыздың ішіндегі ең бір мақтауға тұрарлық мәнді түрлерінің бірі. Қазақ меймандостығы ерекше, ата-бабаларымыз бұл жағынан алғанда да басқалардан көш ілгері тұрған. Қазақ қонақжайлылығына негізі себеп: бұл қазақтың көшпелі тұрмысы. Ен далада кең жайлап отырған ауылға шаруасы жоқ адам бекерден бекер бас сұқпайды.

Қонақжайлылықтың ең үлкен белгісі – ең дәмді тағамын, сусынын, шай-қантын, қонаққа сақтағаны. Халқымыз қонақжайлылық, меймандостық салтында дәм-тұзға ерекше мән берген. Сыйластық осы дәм таттырудан басталады. Мұндай дәстүрдің түрі көп.



Дәм тату дәстүрлері: ерулік, көрімдік, есік көрсету, соғымбасы, үлкенге сыбаға.

Қонақжайлылық, сыйластық салтын бұрынғы ата-бабаларымызша түсініп, соларша дәріптей білсек нұр үстіне нұр болар еді.

Бауырмалдылық. Адамгершілік қасиеттің айрықша бір көрінісі – бауырмалдылық. «Бала бауыр еттен жаралған», қазақтың бауырмалдылығы баланы әлпештеуден, баланың ата-анасын құрметтеуінен байқалады.

Халқымыздың бауырмалдық сияқты атам заманнан сүйегіне сіңген қасиеттерінің бірі болып табылады. Олай болса «Ақ, қарамыз, сарымыз, дос-бауырмыз бәріміз» деп халықты нәсілге, руға, жүзге бөлмей кішкентай кезден жас ұрпақты бауырмалдылыққа баулуымыз қажет.

Қайырымдылық. Халық өз ұрпағына қайырымдылықты ес біле бастағаннан үйретіп, тиісті талап қою, дағдыландыру арқылы, оны тұрмыстық салтқа, адамгершілікке, дәстүрге енгізді? Қайырымдылықты кей жағдайда кедей-кепшік, жарлы-жақыбайларға көмектесу, қайыр-садақа беру арқылы ұштастырған. Адам өміріндегі ең игі істің бірі – қаріп кісілерге қамқорлық көрсету. Үй ішінде үлкеннің кішіге қамқорлығы, кішінің үлкенге көмегі, баланың ата-анаға, әке-шешенің бала-шағасына мейір-шапағаты, ер азаматтың елге қызмет етуі – қайырымдылықтың қайнар көзі.

Халқымыз өте жоғары бағалаған қасиеттердің бірі – **кішіпейілділік**. Кішіпейіл кісіні барлық жерде сыйлаған, дәріптеген, қасиеттеген, үлгі тұтқан. «Кішіпейілділік – кішілік емес кісілік, кішіпейілділік – кісілік көркі», «Ұлық болсаң кішік бол» т.б. осы сияқты нақылдар халқымыздың кішіпейілділікті қаншалықты қастерлегендігін айқын байқатады. Тәрбиелі адам тағалаған аттай өмірдің небір тайғақ қияларынан қиналмай өткен.

Адалдық – адамгершіліктің ең басты қағидаларының бірі. Ол кез келген істе, әрекетте, сөзде өзінің пендешілік мүддесінен адамшылық мүддесін жоғары қоя білуді білдіреді, яғни бас пайдасы үшін екінші біреудің мүддесіне нұқсан келтірмейді. Ар-ұятын жоғары ұстайды.

Адалдық өсек-өтірікке жоламауды, біреуді сыртынан ғайбаттамауды аңғартады. Адал болу дегеніміз – жаны, жүрегі таза болу деген сөз.

Адал адам ақиқатты ардақ тұтады. Шыншылдықты сүйеді. Біреудің мүлкін, беделін, абыройын сырттай саудаламайды. Жақынын, туысын, танысын, достарын, айналасындағыларды ардақтайды. Ешқашан ешкімді сатып кетпейді. Отанына үнемі қалтқысыз адал. Әр кезде иманын қорғай біледі. Иманмен тиянақталған адалдықты кіршіксіз адалдық деп атайды.

Адалдық рухани тазалықтан туындайды. Жан дүниесі, рухани әлемі таза адамның әрқашан абыройы асқақ, беделі жоғары. Ол өтірік айтпайды, ұрлық істемейді, біреудің затын рұқсатсыз пайдаланбайды, зәлімдік жасамайды. Адалдық адам баласының ең тамаша қасиеттерінен саналады. Адал адамның достығы – мәңгілік.

Қазақта айналасындағыларға көмектесуге үнемі әзір, арам пиғылы жоқ, шын ниетімен ақтарылып тұратын жандарды ақкөңіл деп атайды. Олар қолында барын ешкімнен аямайды. Қазақта «Ақ көңілдің аты арып, тоны тозбас» деген қанатты сөз содан қалған.

Адал жанның ұйқысы тыныш, күлкісі ашық. Оған біреудің жақсылығы мен қуанышын қызғану, көре алмау сияқты қасиеттер жат. Адалдық өзінен өзі келмейді. Ол – тәрбиенің жемісі. Адал болу үшін адам жас кезінен өз жүрегін тыңдай білуі, өзін-өзі тәрбиелеуі қажет.

Амандасу – бейбіт пейілдің, достық ықыластың белгісі. Адам баласы дамуының балаң кезінде амандасу – қолында тасы не басқадай қаруы жоқтықты көрсету үшін жасалған қауіпсіздік әрекеті, «Міне, көрдің бе, қолымда дәнене жоқ» деп оң қолды көтеріп сәлемдесу, «Сенбесең алақанымды ұстап көр» деп оң қолды ұсынып амандасу бейбіт ықыластың ишарасы. Оң қолды көтеру немесе оң қолды ұсыну қару ұстайтын оң қолдың бос екендігін, жауластық ниетінің жоқтығын аңғартады.

Осындай ізгі ишара біртіндеп амандасу сияқты тамаша әдетке, одан бірте-бірте мінез-құлық ережесіне айналған.

Қазақ халқында амандасуға айрықша мән беріледі. Әдетте кіші үлкенге, аттылы жаяуға бұрын амандасады.

Ассалаумағалейкүм (Алланың нұры жаусын!) – амандасудың кең тараған түрі (сәлем беру).

Уағалайкүмассалам! (Саған да Алланың нұры жаусын!) (сәлем алу).

Армысыздар! Бұл амандасудың ежелгі қазақи түрі.

Сәлеметсіз бе? Амандық сұрау, сыпайы сәлем беру.

Сәлемдесу немесе сәлем беру деп кішінің үлкенге алдымен амандасуын айтады. Қатар құрбылардың бір-бірімен амандасуын да көбіне сәлемдесу дейміз.

Қол беріп амандасу шынайы ізгі ниетті білдіреді. Имандылық қағидасы бойынша қол беріп амандасқанда бетті бөтен жаққа бұрып немесе теріс қарап амандасуға болмайды. Амандасушылар бір-бірінің көзіне тура қарап шын пейілмен, жылы жүзде амандасқандары жөн. Теріс қарап амандасу – менсінбегендіктің белгісі. Әйел адамның немесе қыз баланың қол беруі міндетті емес.

Төс қағыстырып амандасу – ер жігіттердің, батырлардың шынайы достығын, кездесуге қуанышын білдіреді. Бір-біріне сенетін жігіттер ғана осылай амандасады.

Қолдан сүйіп амандасу – әжелердің немесе апалардың жеткіншектердің, жасөспірімдердің қолынан сүюі. Ол балаларға, жас ұрпаққа деген құрметті білдіреді. Қолдың сыртынан ғана сүйеді. Алақаннан сүюге болмайды.

Көзден сүйіп амандасу – әжелер немесе апалар өте жақсы көретін немерелерін сағынғанда көзінен сүйіп амандасады.

Иіскеп амандасу – қариялар, ақсақалдар кішкентай бөбектерді иіскеп амандасады.

Мандайдан сүйіп амандасу – үлкен адамдар кішкентай балалардың, жеткіншектердің мандайынан сүйіп амандасады.

Көпшілікпен амандасу. Көпшілік отырған жерге келген кісі әрқайсысына емес, жұрттың бәріне ортақ бір ғана сәлем береді. Отырғандардың бірі сәлем алса, ол бәрінің сәлем алғанын білдіреді. Дастархан басында бәрімен қол алып амандасу міндетті емес.

Бір үйдегі отбасы мүшелері де, бірге қонып шыққан адамдар да таңертең бір-біріне «Қайырлы таң!» деп айтып амандасқандары жарасымды.

Уәдеде тұру – адамдық қарым-қатынастардағы аса құнды қасиет. Адамға адамның сенімі сөзін бұлжытпауынан, берген уәдесінде тұруынан қалыптасады. Сенім жоқ жерде іс оңға баспайды. Ал сенім – бірлесіп атқарылатын кез келген істің, кез келген шаруаның іргетасы. Сондықтан досыңа, туысқаныңа, танысыңа бір шаруасын орындауға келісім берерде алдымен ойланып алғаның абзал.

Уәдеде тұру адамның өз-өзіне сенімін арттырады, өзгелердің алдында абыройын көтереді. Жұртқа қашанда сыйлы болады. Халқымызда «Уәде – құдайдың ісі» деген мәтел бар. Ол берілген уәдені қалайда орындау керектігін меңзейді. Уәде берме, берсең өлсең де орында. Айтқан уәдеде тұру – ер жігіттің ісі.

Уәдеде тұруға ұмтылу – балалардың өзін-өзі тәрбиелеуіндегі маңызды қадам. Ол адамның табандылық, жауапкершілік, өзгелерге және өзіне құрмет сезімдерін қалыптастырады.

Қолынан келе ме, келмей ме ойланбастан «Мен мына істі қатырамын» деп бөсу ақыры абыройсыздыққа соқтырады. Жұрт «Е, соны койшы, жүрген бір бөспе» деп теріс айналады.

Сондықтан бірден уәде беруден бұрын адам өз мүмкіншілігін есептеп алғаны жөн. Қолынан келмейтін болса, бірден бас тартқаны жарасымды.

Уәдеде тұрмау адамды аздырады. Айналадағылардың сенімін кемітеді. Адамдық, азаматтық бейнесіне нұқсан келтіреді. Жұрттың мазағына айналады.

«Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегендей, ата-бабаларымыз ұл-қыздарын жасынан бастап сан алуан іс-әрекетпен, жауапкершілікті талап ететін еңбекпен тәрбиелеген. Ер баланы бес жасынан тай жалын тартып мінуге жарағаннан бастап, оны қолғанат деп есептеген. «Жігітке жеті өнер де аздық етеді» деп халқымыз ер баланы төрт түлік малды бағып-күтуге, жер қыртысын, өсімдік түрлерін білуге, қараңғы түндерде жұлдызды аспанға қарап бағыт-бағдарды белгілеп, қоныс-суды дәл табуға үйреткен.

Әкенің баласына ақыл айтып, жауапкершілікке жүктеп, оны бес-жиырма жасында енші беріп, жастарды өз бетімен шаруа құрып, өмір сүруге дайындаған. Аталарымыз ер жігіттен ауылдың, рудың, елдің мүддесін қорғауға әрқашан дайын болуды талап еткен. Ұлдарға көкпар тарту, бәйгеге шабу, аударыспақ, теңге алу, күрес, сайыс ойындарын үйреткен. Ерлерден садақ тарту, найзагерлік өнерді, сойыл соғуды білуді талап етіп, дайындаған.

Жеті атасын үйрету ескіден қалған аталы сөз, бабалардың өнегесін, ерлігін, азаматтығын балаларға ұғындыру – әке міндеті болып есептелген.

«Қыз өссе – елдің көркі» дегендей, қыз баланың сырт бейнесі, киіне білуі оның ішкі мәдениетімен, тәрбиелік деңгейімен байланысты. Қыз – болашақ ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың береке құты. Қыз баланы жасынан төзімділікке, әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеген.

Қазақ халқының салт-дәстүрі болашақтың айқын көрінісіне үлесін тигізеді. Сауатты да, салмақты, адамгершілік қасиеті мол жас ұрпақ салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен өте тығыз байланыста.

III тарау.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ, ОТБАСЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДА ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТҮРЛЕРІ

Қазақтың тәлім-тәрбиесі – теңдесі жоқ даналық, қасиетті мектеп десек, артық емес.

Адамның адам болып қалыптасуында ата-аналармен қатар тәрбиеші мен мұғалімнің рөлі зор. Яғни, білім жүйесінің қызметкерлеріне болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. Сондықтан бұл істе асығыс шешім, жалған әдіс, қалыптағыдай қатып қалған, ескірген тәсіл қолданылмауы тиіс.

Қазіргі кезде біздің республикамызда білім берудің жаңа түрлері жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Педагогикалық теориямен жеткілікті түрде қаруланған мұғалімнің іс-әрекеті тиімді болатыны әркезден-ақ мәлім. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы өзгеруде. Оқытудың жаңа технологиялары енгізілуде. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім, білік дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуда.

Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар екені даусыз. Сондықтан сол мол тәжірибені пайдалануға тырысып, ең бірінші жаны таза, рухани биік, адамгершілігі мол, халқына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеу – сынып жетекшінің міндеті. Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім-тәрбие десек, мектеп жасындағы балалардың бойында тұлғалық ерекшеліктердің қалыптасуында отбасымен бірге сынып жетекшінің де рөлі ерекше.

Қарапайым мысалға жүгінсек, мектепке табалдырығын алғаш рет аттаған кезінде сондай сүйкімді, тілалғыш, жүрегі таза, сезімі пәк жас бүлдіршін орта немесе жоғары буынға келгенде неге өзгеріп сала береді? Мынадай жаман әдеттерді қайдан үйренді? Неге озбырлық жасауға бейім болып алды? – деген сияқты сауалдар алдыңнан кесе-көлденеңдейді. Әрине, оның себептерін жан-жақтан іздеуге болады. Ата-анасын, жүрген ортасын қосқанда оның тәрбиесіне мұғалімнен басқа бірнеше адамның қатысы бар. Балаға жүрек жылуы қашан да қажет және ол ешқашан артық болмайды. Ата-анасынан көрмеген сүйіспеншілікті мұғалімнен көрген бала менің ата-анам да осындай болса деп армандауы мүмкін. Мұғалімін тек жақсы қырынан таныған оқушы үшін оның айтқаны анық, дегені дәл болып көрінеді. Баласын қалай жақсы көретінін дұрыс білдіру кез келген ата-ананың қолынан келе бермейді.

Біреу жақсы киіндіріп қояды, біреу тамағы тоқ болса болды деп, қалтасына ақшасын салып бергеніне мәз. Біреулері өте қатал, айтқанын орындатады. Бала қорыққаннан уақытша тыңдайды, бірақ ата-анасының уысынан шыққан соң өзін-өзі ұстай алмайтын жағдайға жетеді. Мұғалім оқушыны біліммен сусындатқанмен,

оның өміріне азық болар ең қымбат асыл қасиеттермен, адамзаттық құндылықтармен, біліммен қамтамасыз етіп, қаруландырады. Алтын бесік – отбасы болса, алтын ұя – мектеп. Неліктен олар алтынға баланады? Екеуі де қасиетті, әрі қастерлі. Өйткені, отбасы – адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жатса, мектеп – ақылы мен білімі адамзаттық құндылықтармен толысқан, жан-жақты жетілген, өз бетімен өмір сүруге бейім, қоршаған ортамен тікелей байланысқа шыға алатын, толыққанды адам етіп тәрбиелеп шығарады. Осы екі ортаның да мақсаты – ортақ, міндет – біреу.

Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттердің сіңісуі, өнер білімді игеруі тәрбиеге, салауатты өмірге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз – «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы», «Тәрбиесін тапса адам болар, оқуын тапса білім қуар» деп ұлағатты ұстаздың еңбегінің текке кетпейтінін өсиет еткен.

Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт, яғни ол өзінің өсу есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де, қоршаған ортасы – табиғатпен де өзара үйлесім таба білуі тиіс. Әдетте, нәресте дүниеге келерде жақсы не жаман болып келмейді. Және де ол мүмкін емес. Жат қылық өсе келе жабысады. Ата-аналардың да, ұстаздардың да, қоғамдық ұйымдардың да басты міндеті – жас өскіндердің мөлдір шықтай таза, періштедей пәк жан дүниесін келеңсіз қылықтардан қызғыштай қорғай білуі дер едік. Көсегемізді көркейтіп, көрпемізді ұлғайтар, ел абыройын асқақтатар азаматтарымыз да өзіміз шындап жатқан бүгінгі жастар. Салауатты өмір салтын орнықтырудың қазіргі таңда ерекше мән-мағынаға, зор мәртебеге ие болып отырғаны да осыдан. Адам баласын еңбекке, кәсіпке үйрету және оның еңбегін өнімді, жемісті ету адамзат қоғамы тарихымен бірге жасасып келе жатқан тәрбиенің нысанасы. Бүгінгі адамзат ие болып, мақтаныш тұтып отырған нәрсесінің бәрін ғасырдан-ғасырға ұласып, бірін-бірі ауыстырып келе жатқан ұрпақтар жасаған. Бұл орайда қоғам дамуының әрбір кезеңіндегі тиімді тәжірибеден үйреніп, оны дамыта беру керек.

Ұрпақ тәрбиесінің ежелден келе жатқан халықтық әдістердің бірі балаға ақыл – өсиет айту және сөз арқылы баланың көзін жеткізе отырып, сенімін арттыру. Бұл әдістер мақал – мәтелдерден, шешендік, нақыл сөздерден, ырымдар мен тыйым сөздерден көрініс тапқан.

Өмірден көргені мен түйгені мол, сөзге шешен, білікті адамдардың өсиеті өтімділігімен, уақытылығымен ерекшеленіп, баланың санасына шым – шымдап кіріп, ой салған. Халқымыздың «ағадан – ақыл, атадан – нақыл», «көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра», «жасында байқары жоқтың, жасы жеткенде айтары жоқ», «ақылды қария – ағынды дария», т.б. мақал – мәтелдері көз алдамызға халықтық тәрбиешілердің аяулы тұлғасын елестеді.

Ырымдар мен тыйым сөздер қазіргі мектептеріміздегі оқыту мен тәрбиелеу ісінің мазмұны мен әдістерін жетілдіре түсуге өз үлесін қосады. Бала мен тәрбиелеудің халықтық әдістерімен қаруланып, рухани – мәдени деңгейімізді, әдіскерлігімізді көтермейінше сөзіміздің де, ісіміздің де қадірі кетеді. Қазіргі балаларды жалаң сөзбен, қатаң талаппен тәрбиелеу жалықтырып жібереді. Педагогтер, ата – аналар тарапынан балаға айтылар ақыл-өсиеттің, ескертпелердің бала психикасы-

на әсері, уыты болмайынша, жастар тәрбиесінен нәтиже шығару қиын. Халықтық педагогикадағы тәрбие құралдары боп табылатын мақал – мәтелдер, өсиет, нақыл сөздер, ырымдар мен тыйымдарды жүйелі түрде пайдаланып, сөзіміздің қадірін арттыру өз қадірімізді арттырумен барабар.

Ырымдар мен тыйым сөздер баланы ағаттық жасаудан, қауіптен сақтандырып, ақыл айтып, адамгершілік қасиетке тәрбиелейді. Оларды белгілі бір жағдайға байланысты, сабақтың тақырыбы мен мазмұнына, тәрбие жұмыстарының мақсатына бейімдей отырып пайдаланамыз. Ырымдар мен тыйым сөздер мектеп, сынып үшін безендіруде пайдаланып жүр. Алайда, стенділерге оларды сымға тізген шабақтай жапырлатып жаза бермей, тақырыптарға бөле отырып, белгілі бір жүйемен ұсынған дұрыс болар еді. Ырымдар мен тыйым сөздердің баланың құлағынан отбасыдан, балабақшадан сіңіре берген жөн. Мұндайда ата-аналардың көмегі қажет-ақ. Тыйым сөздер адамның бала кезінен бастап, бүкіл өмір жолы бойында тұрмыс-шаруашылығына, еңбекке икемін, эстетикалық талғамын арттырып, мәдени-гигиеналық машығын қалыптастырады, тәртіптілікке және өзара дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді.

Мәселен, мектепте күніне үш мезгіл балаларды тамақтандыру ісіне ересек буын сыныптарының оқушылары санынан кезекші тағайындауының өзі тәлім. Кезекшілік міндетін атқаратын балалар ас құятын ыдыстарын, туралған нанды, қасық, шанышқыларды тасып, үстел үстіне рет – ретімен қоюға көмектеседі. Осындай жағдайды пайдаланып, балалардың есіне мынадай ырымдар мен тыйым сөздерді саламыз.

1. *Нан үстіне басқа затты қойма.*
2. *Нанды лақтырма.*
3. *Нанды аяққа баспа.*
4. *Нанды бір қолыңмен үзбе.*

Балаларды қауіптен сақтандыру мақсатында:

1. *Пышақты шалқасынан қойма.*
2. *Пышақтың жүзін жалама, – дейміз.*

Бұл сөздер отбасында ата-аналар тарапынан да жиі айтылуы тиіс.


Тәрбиеленушілердің мәдени-гигиеналық машығын қалыптастыру мақсатында:

1. *Адамға қарап түкірме;*
2. *Таңдайыңды қақпа;*
3. *Үйде ысқырма;*
4. *Шелектегі суға аузыңды батырма;*
5. *Саусағыңды аузыңа салма, т.б. айтамыз.*

Аталған ескертпелерге қарама-қайшы іс-әрекеттер балалар арасында жиі кездеседі. Өз атымыздан ғана емес, ертеден дүниеден өткен данагөй аталарымыз бен әжелеріміздің айтып кеткен ескертпе, өсиеті ретінде баланың есіне салып отырған ләзім.

Мектеп қабырғасында ата-аналармен жұмыс белсенді түрде өткізілгені абзал. Ол үшін мынандай жұмыс түрлері жүргізуге болады.

Ата-аналармен жүргізілуге ұсынылатын жұмыс түрлері



Демек, мұғалім мен тәрбиеші қауымының қиындықтарға жиі кездесіп, үнемі толғаныста жүретіні де содан. Сондықтан кез келген мұғалім баламен байланысқа шықпас бұрын, оқу-тәрбие жұмысындағы қызметін өзін-өзі танудан бастағаны жөн. Өзіңнің бала болғаныңды, өзіңнің ата-ана екенінді, өзіңнің ұстаз екенінді ой елегінен жиі-жиі өткізіп отырсаң, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Ғұлама әл-Фараби «Дүниедегі ең оңай нәрсе ақыл айту, ең қиыны өзіңді өзің түсіну» десе, К.Маркс «Өзіңді-өзің тану даналықтың бірінші белгісі» деп ескертеді. Ең бастысы, баланың жан азығына зәру екеніні еш уақытта ұмытуға болмайды. Абай атамыздың жетінші қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Екіншісі – білсем екен деп ұмтылып, одан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі «жан құмары – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деген үлкен пәлсопалық ой жатыр. Яғни, балаға туғаннан тән азығы – тамақ қандай қажет болса, жан азығы – жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет. Ал оның қажетін қанағаттандырмай, түпкі мақсат ешқашан орындалмайтыны белгілі жәйт. Мұны мұғалім де, ата-ана да әсте естен шығармағандары жөн.

Еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егемендік алып, өз алдына отау тігіп өзінің ішкі-сыртқы саясатын өзі шешетін болды. Бүгінде баршаның

міндеті – әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру.

Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты.

Мұғалім – баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік-саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім жан-жақты жетілген білімді, әдістемелік шығармашылық шеберлік иесі, халықтық дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін, әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс. Әсіресе осы кәсіби білік дағдыларын шыңдауы оның ұстаздық тәжірибе жинақтауының ең басты алғы шарты болып табылады.

Халықтық педагогика құндылықтарына үңіле отырып жастарды салауаттылыққа тәрбиелеуде оның озық үлгілерін оқу-тәрбие барысында кеңінен пайдалануымыз керек.

Келешекте біздің еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүруі үшін қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай, мектеп қабырғасынан-ақ жан-жақты білімді, тәрбиелі етіп шығару үшін сынып жетекші ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысын жүргізген абзал.

Қазіргі таңда мұғалім болу, тәрбиеші болу оңай жұмыс емес. Басқа ешбір мамандық адамға дәл мұғалімге қойылғандай талаптар қоймайды. Педагогтық қызметтің жетістігін бағалау да өте қиын. Оның сапасы сызғышпен өлшеп, әрбір мысқалына дейін таразыға тартатын дүние емес.

Тәрбие жайындағы белгілі мәліметтер адам баласының тәрбиесіне сүйенеді. С.А.Назарбаеваның «Ұстаздан ұлағат» атты кітабында: «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алдымен, баланың сезімін оятып, әсершілдігін дамыту, сезімді тәрбиелеу – баланы қоғамдық мәні бар, адамдарға жақсылық әкелетін қылық-қасиеттерден рахат, қуаныш табуға баулу деген сөз. Парасаттылық дегеніміз – адамзатқа қызмет ету», – деп жазылған.

Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керектігі екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі. Солар арқылы ол жалпы азаматтық әлемге аяқ басып, өз халқының игілігін басқа халықтарға жақын да, түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұстаз өз кезі мен өткеннің талаптары, объективті факторлар негізінде жеткіншек ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған тәжірибе арқылы тәрбиелеп отырып, өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игерте түсуі керек.

Салт-дәстүр – ұлттық тәрбие. Ұлттық тәрбиені оқыту үшін мектепте мұғалім баланың жас дара ерекшеліктеріне сай ұғымына байланысты ертегі, мақал-мәтел

және алуан түрлі салт-дәстүрлерді педагогикалық тұрғыдан іріктеп алу керек. Балаға ұлттық тәрбиені дер кезінде меңгерту ұстаздан келеді.

Ұстаз қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұрады. Заман талабына сай тәрбие беру – мұғалімнің басты міндеті.

Жас ұрпақтың ұлттық тәрбиесі халық қанша өмір сүріп келе жатса, сонша көкейкесті мәселе болып келеді.

Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27-бап, 2-тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» делінсе, «Қазақстан–2030» бағдарламасында әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз. Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді...» делініп, ұрпақ тағдыры айтылады.

Сондықтан болашақ жастардың талабы мен сұранысына қарай шынайы ұлттық тұлға болып қалыптасу процесінде қазақ тәлім-тәрбиесі мен ұлттық әдет-ғұрыптарының асыл мұрасын пайдалана білу бүгінгі тәрбие мәселесінде маңызды орын алады.

Шығыстың ғұламасы әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін» – деген.

Көптеген зерттеулер көрсетіп отырғандай, қазақ халқында баланы тәрбиелеуде отбасы басты рөлді атқарған, оның негізі – ұлттық салт-дәстүрлер болған екен. Бұған ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтың «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген астарлы ойы дәлел.

Бүгінгі таңда болашақ ұрпақ тәрбиесі ұлттық мұраттар мен әлемдік рухани құндылықтардан нәр алумен ұштастырылып жүргізуді талап етеді.

Тәрбие – отбасынан басталады. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатады.

Жаратылысынан жүрек жылуы мен мейірім шуағы мол халықтың бірі – қазақ. Бала тәрбиесіне деген немқұрайлық оның табиғатына мүлдем жат. Өйткені, қазақтың ел алдындағы абырой беделі, қадір-қасиеті тек жеке басының жақсылығы немесе дәулетімен ғана емес, бауырынан өрген ұрпақтарының салауаттылығымен де өлшенген.

Ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән беріп, ерекше көңіл бөлген. Өйткені ол баланы отбасының және өмірдің жалғасы мен болашағы деп санаған.

Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған.

Өскін ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, олардың жан дүниесін дамыту жайында ұлы орыс педагогы К.Д.Ушинский «әрбір халық пен ұлт өз ана тілі мен салт-дәстүрін қастерлеп, тарихи даму жағдайына орай білім алып, тәрбиелеу керек» деген өзінің ұлағатты ойын «Родная речь» атты еңбегінде ерекше атап айтады. Халқымыздың ұлы перзенті Ы.Алтынсарин өзінің еңбектерін ана тілінде жазып, «бала тәрбиесі оның табиғи ортасы мен халқының салт-дәстүрі рухында тәрбиеленетін болса, оның сана сезімінің дамып жетілуі де ұлты мен халқына қызмет ететін көкірегі ояу, салауатты азаматтар болып өседі» – деген ой түйген болатын.

Ал, Шәкәрім Құдайбердиев: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күнінен бастап тәрбиелейді», – деп жазады.

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.

Отбасының басты қызметі – бала тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бір бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттілігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой-еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйренуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтармен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Баланың дамуының қандай қырын алмайық қай жас кезеңінде болмасын оның тиімді болуында отбасының рөлі ерекше.

Өркениетті ел қатарына қосыламыз, келешекте көш бастайтындай көшелі ұрпақ өсіреміз дейтін болсақ, ұлттық тәрбие сырларын, тағылымдарын еш уақытша да естен шығармауымыз керек. Адам өмірге бәрі бірдей болып келеді, бірақ та өсе бара олардың тағдыры әртүрлі болып қалыптасады. Адамның құдіреті – санасында, сондықтан да, әрбір адам саналы өмір сүрсе және бәрін ақылға салып, ойлап істесе, оның алдына қойған мақсатына да, байлыққа да, бақытқа да қол жеткізуіне болады. Адамзат баласының осы кезге дейін құрған қоғамы, жасаған рухани және материалдық байлығы, осының бәрі сананың жемісі. Сана арқылы адамның дүниетанымы, өмірге көзқарасы, рухани мәдениеті қалыптасады. Бабаларымыз: «Тәні саудың – жаны сау» – деп, салауаттылық өмірді игерудің жолын көрсетіп берген. Баланың жастайынан дені сау азамат болуын аңсаған халқымыз келіндерге жаңа туған нәрестені қалай күту жөнінде ақыл-кеңес берген, сәбиді тұзды сумен шомылдырып, денесін маймен сылаған, қол-аяғын созып, «өс-өс» – деп буындарын бекіткен. Дене сұлулығына, әсіресе, қыз баланың көрікті болуына ерекше көңіл бөлген «Аттың көркі – жал, қыздың көркі – шаш» деп ұққан.

Бала тәрбиесі көшпелі малшы отбасының күнделікті тұрмыс тіршілігімен тығыз байланыста болды. Содан да олар баланы жұбатса да, жақсы көрсе де, оның жақсы қасиеттерін бағалағысы келсе де өз тіршілігінің негізі болған малдың ерекше жақсы қасиеттеріне, сұлу тұлғасы мен әсем бейнесіне теңеп «қошақаным, құлыным, ботам, қозым» деп еркелетті.

«Қанағат қарын тойғызар» деп қанағатшылдыққа, үнемшілдікке пайымдаса, «бұлақ көрсең көзін аш» деп табиғатқа деген аяушылықты үйретті, бес уақыт намаз арқылы гигиеналық тазалыққа баулыса, қырық парыздың бірі – ілім деп енерге, ілімге үйретті.

«Денсаулық – зор байлық» деп қазақ халқы дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Адам бақытты өмір сүру үшін ең әуелі рухани саулығына көңіл бөлуі тиіс. Рухани саулыққа көңіл қойылған жағдайда адам елмен сыйласымды, ойлау қабілеті жоғары, шама-шарқын білетін, ақылмен

іс істейтін, өте сезімтал, ұстамды да байсалды, қоғамдағы өз орнын білетін, жауапкершілігіне ұқыптылықпен қарайтын, адамдармен тез тіл табыса алатын, табиғатты сүйетін, қоршаған ортадан хабардар, бақыт дегеннің не екенін түсінетін жан болады. Ал, рухани саулығы жоқ адам аталған барлық қасиеттен жұрдай болмақ. Қазіргі кезеңде қазақ халқының өмірінде бұрын-соңды болмаған оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықыласы жоқ балалар саны аз емес. Олар дөрекі, әдепсіз, барлық жарамсыз әдеттерге еліктеуге бейім келеді. Бұл мәселені тудыратын себептердің бірі – отбасы тәрбиесіндегі ата-аналардың жауапкершілік сезімінің жоқтығы бала мінезінде мейірімсіздікті, қатыгездікті, дөрекілікті, өзімшілікті туғызады. Ал, тарихқа көз жүгіртетін болсақ, кең байтақ өлкемізде буыннан-буынға жалғасып ұяттылық, әдептілік, көргенділік, мейірімділік салтанат құрып үйлесімін тауып жатты. Міне, сол қымбат қасиеттердің бәрі отбасы, ошақ қасында бүршік атып, бұтағын жаяды.

Екінші себеп – бұл отбасындағы маскүнемдік, ұрыс-керіс, ата-аналарының және басқа жанұя мүшелерінің жеңілтек мінез-құлқы, ажырасу сияқты теріс факторларының әсері. Балалар тәрбиесінде ата-аналардың мінез-құлқы шешуші рөл атқарады. А.С.Макаренко: «Сіз өз балаларыңыздың тәрбиесін бастамастан бұрын өзіңіздің мінез-құлқыңызды байқаңыз... Сіздің жеке мінез-құлқыңыз нағыз шешуші нәрсе... Ата-аналардың өздеріне талап қоюы, олардың өз үйелменін қадірлей білуі, өзінің әрбір қадамын қадағалап отыруы – тәрбиенің ең бірінші және ең басты әдісі» деген болатын.

Ал, ұлы ата-бабаларымыз «Ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің іргетасы», «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп түсіндіреді. Сондықтан балаға өмірінің алғашқы жылдарында адамгершілік сезімдерін егудің орны бөлек. Егер әке маскүнем болса, мектеп жасына дейінгі балалар жүйке ауруынан, жүйке аурулары ұстамадан азап шегеді. Мұндай балалар енжар, тынымсыз, ашушаң келеді.

Үшінші себеп – ұл балаға үнемі жеткіліксіз көңіл аударылады. Кейбір отбасы баланың ішкі дүниесін, тілектерін, ойларын, қайғысын, қоршаған ортаға қатынасын жете біле бермейді. Бала тәрбиесіне ең әуелі оның өз ата-анасының еңбекқорлығы, ұстамдығы, кішіпейілдігі, ақыл-ойы, сана-сезімі, адамгершілігі әсер етпек.

Әрбір адам қандай мамандық иесі, қандай дәрежедегі қызметкер болмасын, ең алдымен, шаңырағы аясында ұл-қыз өсіріп, мәпелеп, солардың жемісін күтуші – ата-ана. Оның қоғам алдындағы қайраткерлік тұлғасы, адамдық-азаматтық болмысы, тіпті өмірінің бар мәні мен сәні бірінші кезекте перзенттерін қалай тәрбиелеп жетілдірумен өлшенбек. Бұл әрбір ата-ананың ең жауапты, ең сындарлы қоғамдық қызметі деп түсінеміз. Ата-ана балаға тәрбие берумен бірге, алдыменен, өзі де тәрбиелі болуға тиіс.

Қазіргі жас ұрпақтың ұлттық тәлім-тәрбие бастауы – отбасы екендігіне көздерін жеткізу, оларға бағыт-бағдар беру – үлкен мәселе. Егер де отбасы болмаса, халық даналығы өз қасиетін жоғалтады, себебі тек қана отбасында халықтың ұрпақтан – ұрпаққа мұрагерлікке қалып отырған салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары тамырын жайып, өрби алады.

Қазақ отбасысы негізінен, үш ұрпақтан тұрады. Ол – *ата, әке, бала*.

Аталар мен апалар ауыл-аймақ, ағайын арасының берекесі, ақылшысы болып келеді. Олардың әрқашанда мәртебесі биік болып, сый-құрметке бөленген. Өйт-

кені, үлкенді сыйлауды қадір тұтқан қазақ салты бойынша көргені мен тұрмыста түйгені көп, тәжірибесі мол адамның сыйға бөленуі заңды құбылыс деп танылған. Үлкенді сыйлау, ақылын тыңдау көргенділік деп есептеледі.

Ата-аналардың балалары алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып, аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы, ал балалары алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйеніш болуы секілді міндеттері ұштасып жатады. Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналар алдына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі «ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ождан мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» деп көрсетілген Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында. Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады.

Босағасы берік отбасында әрбір адам өзара қамқорлық пен татулыққа, үй іші жұмыстарын жұмыла кірісіп орындауға, жақсы мен жаман туралы пікірлерін ортаға салып ұштастыруға, қаражатты дұрыс бөліп тұтынуға, еңбекпен табылған ақша құнын бағалап, қадірлеуге үйренеді. Отбасындағы тіршіліктің дұрыс ұйымдастырылуы балалардың еңбекқор болуы, әр нәрсеге жоғары жауапкершілік сезіммен қарау, адамды құрметтеу сияқты адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Баланың адамдармен қарым-қатынас жасауы, қоғамға енуі отбасынан басталады. Сондай-ақ, отбасының баланың дамуы мен қалыптасуы процесіндегі ролі де ерекше. Отбасында тұрмыстың белгілі жағдайлары жасалады, мәдени орта қалыптасады, сезімдік күйлер орнығады.

Бала өсе келе көп нәрсеге үйренеді, халқының, ұлтының кім екендігін айқын түсіне бастайды, отаншылдық сезімі арта түседі. Кіндік қаны тамып, туып өскен мекенін, табаны тиіп тұрған топырағын аялай бастайды. Қазақ жері – қазақ даласы! Қандай керемет, қандай ыстық...

Халқымыздың ұлттық тәрбиесі негізінен жүйелі болған. Өйткені тәрбиеге әке-шеше, отбасынан бастап, ағайын-туыс, көрші-қоланың бәрі қамқорлық жасаған.

Сол себепті ұлтымыз: «Балаң өзіңе тартса – жұбан, қоғамға тартса – қуан» деп бекер айтпаған. «Кәріге құрмет – үлкенге міндет» демекші, үлкендерді, қарттарды, ақсақалдарды сыйлау, тәрбиеміздің ең басты ерекшелігі деп санауға болады. Себебі, халқымыздың тарихына үңілсек, ұлттық танымды қалыптастырушы ата-анаға деген көзқарас пен құрмет ерекше болған. Яғни, халқымыздың ұрпақ тәрбиелеу үрдісі, отбасындағы қарым-қатынас үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету тәрізді ұлттық дәстүрлерді әрқашан сақталған және оның ұрпақ тәрбиелеудегі маңызы айрықша, халықтық мінез-құлқы мен іс-әрекетінің рухани негізі. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық пен әділдік сияқты қошеметтеріміз ұлттық дәстүр ретінде қалыптасқан. Бұған дәлел «Үлкенді ұлықтап өскен ел ойсырамайды», «Атасыз үй – бассыз, анасыз үй – панасыз» деген ұлағатты сөздеріміз бекер айтылмаған болуы керек.

Дәстүрлі қоғамда ата-апаның тәрбиесін көрмей өскен бала болмаған. Ата-апалар жыр, дастан, ертегі айтып немере-шөберелерін рухани байытып тәрбиелеп отырған.

Қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша тұңғыш немересін атасы мен апасы өз қолына алып, немере ыстық болғандықтан балаларынан да артық көріп, тәрбиеленген. Тұңғыш немерелер ата-апасын өз әке-шешесіндей санап, туған әке-шешесін тек қана өскеннен кейін де танып жатады. Кейде тұңғыш немересі кенже ұлының орнына, атасының қара шаңырағына ие болып та қалатын жәйт кездеседі.

Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен апалардың орны ерекше.

Әке үйі барлық балалары үшін үлкен үй, қара шаңырақ деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметті.

Әке – отбасын асыраушы, оның мүшелерінің тірегі, қамқоршысы және тәлімгері. Әкенің мінез – құлқы өзгелермен қарым – қатынасы, өнері, білімі – баланың көз алдындағы үлгі – өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Сондықтан қазақта әке туралы өнегелі нақыл сөздер мен мақал – мәтелдер көп. Мысалы, «Әке – бәйтерек, бала – жапырақ», «Әкеге қарап ұл өсер», «Әке – балаға үлгі» т.с.с.

Мысалы, қазақ халқының өмірінде жеті атасына дейін күйшілік, әншілік, аңшылық, ұсталық өнерлерді қуып өткен адамдар жиі кездеседі. Содан «Атадан бала тумас болар ма, ата жолын кумас болар ма», «Әке көрген – оқ жонар» деген нақыл сөздер пайда болған. Сонымен, әке – қамқоршы, ақылшы, үлгі – өнеге, тірек, ұстаз әрі тәрбиеші.

Қара шаңырақ, үлкен үй деп атайтын әкенің үйіне болашақта кенже ұл ие болып, қарттарды бағып-қағатын, көне салт бүгінгі қазақ отбасыларында да сақталған. Ал үлкендері үйленіп үй болысымен еншілерін алып, бөлек шыққан. Жасы кіші болса да кенже иеленген үлкен үй басқа жасы үлкен туыстары үшін де қадірлі, қасиетті үй ретінде саналған.

Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», – деп мадақтайды.

Мәселен, М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында, жазушы Құнанбайды асқан сүйіспеншілікпен жетер жеріне жеткізе суреттейді. Құнанбай Абайға әке ғана емес, заманның үлкен қайраткері, әрі үлкен тұлғасы. Ал, Абай ойы, Абай даналығы, Абай тереңдігі – тазадан тазалыққа, биіктен биіктерге шақырар жанның жарық жұлдызына айналған. Мұндай эпопеяны халқын шын сүйген адам ғана жаза алады. Бұл эпопеясы болмаса қазақ өмірі, оның кім екендігі дәл сондай күдіреттілікпен дүниеге танылмас еді.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударылған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр. Билік, батырлық, әншілік, серілік, мергендік, аңшылық, зергерлік сияқты ата-баба өнерін жеті атасына дейін жалғастырған әулеттер қазір де баршылық.

Қазақтың ер жігіті қандай болуы керектігі туралы халықтық талғамына салт ұлттық түсініктер М.Қазбековтың еңбегінде келесідей бейнеленген.

Кескін келбеті: *Еңсегей бойлы, терең ойлы, өткір көзді, торсық шекелі, қыр мұрынды, қара қасты, кең маңдайлы, кең иықты, апай төсті, өткір тісті, жуан білекті, қынай белді, қайсағай денелі, от ауызды, шешен тілді, темірдей сау-сақты, жау жүректі*, т.с.с.

Қадір қасиеті: «Қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қасқырдай өжет, қабыландай сұсты, нардай төзімді, құландай сүйекті, жылқыдай мінезді, сауысқандай сақ». Және аталған қасиеттерге сәйкес «Жігіт қыраны, жігіттің сұңқары, жігіттің арыстаны, жігіттің қабыланы, жігіттің сұлтаны» деп айтады.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейтін қазақ қыз балаларының тәрбиесіне аса үлкен назар аударды. Кәмелетке толғанға дейін бойжеткен болашақ отбасы өмірінің басты міндеттерінен сабақ алды. Ол ерінің адал жары, ана болу, отбасы беріктігін сақтаушы қызметіне, шаруашылықтың барлық жақтарын игеріп жүргізуге, қонақты лайықты қарсы алуға, туыстарын сыйлап қадірлеуге дайындық тәрбиесі. Көргенді отбасылары қыз баланы «қонақ» деп мәпелеп, қадірлеп өсірген. Қыз баланың тәрбиесіне ең бірінші анасы жауапты болған. Сондықтан қазақ «Шешесіне қарап қызын ал» – деген.

Ұзатылып келген қалыңдық үйлену тойының ертеңінде бүкіл ру, әулет, ауылға келін болып саналады. Өзі аттаған босағасының, рудың адамы санатына қосылып кетеді.

Қазақ жақсы келінді қызынан кем көрмеген.

Қазақ әйелдері үшін басты міндет – отбасы беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерін барынша сыйлау, рухани қолдау көрсету болып табылады.

Түйгені көп шешесі қызымен, келінімен өмір тәжірибелерін бөлісіп, болашақ үлкен өмірге дайындайды. Туыс ағайындардың әйелдері – абысындардың қарым-қатынасы өзара көмек пен түсіністікке, берекеге құрылады. Сондықтан да, «Абысын тату болса, ас көп, ағайын тату болса, ат көп», – деген.

Қазақ дәстүрінде үлкеннің атын атамай, тіріде өзін, өлгенде аруағын құрметтеу – жақсы келіннің әдептілігі мен тәрбиелілігінің айғағы.

Тұрмыстағы көргені мен түйгені, ақылдылығы, парасатты келінді есейе келе, ауыл-үй құлақ салып ақылдасатын ана дәрежесіне көтереді.

Қызына құда түсіп, айттырған күннен бастап жігіт қыз ауылы үшін күйеу атанып кете барады. Күйеу қайын жұртында төрге шықпайды, оған сыбағалы асы деп асықты жілік пен төс тартылады.

Әрине, жасы егделеген сайын, күйеудің әлеуметтік мәртебесі де жоғарылайтыны белгілі. «Күйеу қартайса құда болады», сөзі осы уақыт аралығында күйеу жақтан әлденеше қыз алысып, қыз беріскендігін, күйеудің де беделді адам бола бастағандығын айғақтаса керек. Қазақтың «Күйеуді қызым үшін сыйлаймын» деген сөзінде де үлкен мән бар.

Қазақ халқы «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, әдептіліктің, сұлулықтың белгісі ретінде қолданған. Сондай-ақ, қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, жанының нәзіктігін, өнер – білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, оның сол қасиеттерін нақыл сөздер арқылы ерекше көрсеткен. Мысалы, «Қы-

здың жиган жүгіндей», «Қыздың тіккен кестесіндей», «Қыз – елдің көркі, гүл – жердің көркі», «Жақсы қыз – жағадағы құндыз», «Қызы бар үйдің – қызығы бар», т.б.

Сонымен, қазақтың ауыз және жазба әдебиеттерінде бойжеткен қызға берілген жалпы сипаттамасы мынадай болған: «Сұңғақ бойлы, сыңғырлаған дауысты, оймақ ауыз, күлім көзді, жайдары мінезді, алма мойын, ақша бетті, ақ тамақ, тал шыбықтай бұралған бұраң белді, сүмбіл шашты, ұзын кірпікті, ақ білек, маржан тісті, қыр мұрынды» деп суреттеген.

Қыз бойжеткен соң, оны құтты орнына қондыру – ата-ананың арманы. Халқымыздың ежелгі дәстүрі бойынша ер жігітке серік боларлық ақылды, әдепті, еңбекқор адал жар таңдау, өнегелі көрген жерден қыз алу келіншек отбасы бақытының басты нышаны болған. Ата-бабаларымыздың тектілік деген киелі ұғымды ежелден қастерлеп, оны атадан балаға мирас қып қалдыруында да терең сыр жатқандай. Туа бітті тектілігін, табиғи қадір-қасиетін сақтап қалу үшін олар мүмкіндігінше тәрбиелі отбасылармен құдалы-жекжат болуға ұмтылған. Қазақта «Тегіне қарап, қызын ал» деген нақыл сөз бар, оның мәні мынада: текті жердің қызы әдепті, инабатты, іске шебер, қиыншылыққа төзімді, анасы сияқты тәрбиелі болып келеді, ол өскен ортасы мен ата-анасына жаманат сөз бергізбейді. Әсіресе қалыңдықтың ақылына ерекше назар аударған. Ол үшін қызға «Сыншылар әр түрлі сыйлық ұсыну арқылы бойжеткеннің дүние-мүлікке көзқарасын, жұмбақ шешкізіп, зейін-зердесін байқаған, аға-інілері, құрбы-құрдастарымен қарым қатынасына қарай бауырмалдығы мен қайырымдылығын екшеген. Киген киімі, істеген ісі, сөйлеген сөзіне қарап, оның ұқыптылығы, іскерлігі және мінез-құлқынан мағлұмат ала білген.

Ертеде және бүгінде әжелер мен аталар отбасындағы бала тәрбиесінде басты орында. Әжелер мен аталар немерелерін тәрбиелеуде күтуші иесінің жұмысын істеген, балалар солардың қасында өскен.

Үлкендердің мінез-құлқындағы жағымды қасиеттер: олардың ұстамдылығы, төзімділігі, сабырлығы, қиыншылықтарға төзімділігі т.б. балаға ерекше әсер етеді.

Әжелер мен аталар балаларды отбасында түрлі өнер мен еңбекке үйреткен, олар не істесе, балалар соны істеп өскен. Әжелер мен аталар адамгершілік мақал-мәтелдер, жырлар, жұмбақтар т.б. ауыз әдебиетінің үлгілерін кеңінен пайдаланған. Әжелер мен аталар ұлы адамдарды тәрбиелеуде ерекше қызмет жасаған. Мысалы, Абай, Ыбырай, Шоқан, Мұхтар т.б. соған дәлел.

Ерте уақытта қазақ әке-шешеден бірдей айырылған жетім балаларды әжесі мен атасы асырап өсіріп, оларға жетімдік көрсетпеген. Баланың әке-шешесі оның ата-әжесі тұрғанда «Бала менікі» деуге бата алмаған, ал балалары оларды «Аға – жеңге» деп атаған. Осы жақта дәстүр ата мен бала, әже мен келін арасында шынайы сыйластықты, татулықты, ынтымақтастықты, отбасындағы жақсы қарым-қатынасты қамтамасыз еткен.

Қазақ отбасындағы тәрбиенің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерінің құнды болуы – оның үш ұрпағына байланысты болатындығы: балалары, ата-анасы (әке-шешесі), ата-анасының әке-шешесі (атасы мен әжесі) тәрбие үрдісінде толық ескерілмеген. Тәрбие барысында өмірден алған тәжірибесі мол ақылгөй қариялармызды

тарту мақсатымен мектептерде «Ақсақалдар кеңесін», «Аналар мектебін», «Ене мектебін» құру қажеттілігі туындап тұр.

Қазіргі отбасының басты қызметтері мен міндеттеріне тоқталайық:

Басты қызметтері:

- тәрбиелік;
- сауықтыру;
- рухани-адамгершілік;
- танымдық-білімдік;
- тұрмыстық;
- еңбек;
- мәдени-ағартушылық;
- демалыс-шығармашылық;
- тұлғаның өзіндік тәжірибесін ынталандырушы;
- қорғау.

Басты міндеттері:

- баланы үйлесімді дамыту;
- бала денсаулығына қамқорлық жасау;
- оқуына көмек көрсету;
- еңбек тәрбиесін жүзеге асыру және мамандық таңдауға көмектесу;
- тұлғаның әлеуметтенуіне көмектесу;
- ізгі, эмоционалды-адамгершілік қатынас тәжірибесін қалыптастыру;
- жалпы мәдени және интеллектуалдық дамуына қамқорлық жасау;
- қызығушылығы, қабілеті, бейімділігі мен шығармашылығын дамыту;
- өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамытуға дайындау;
- жыныстық тәрбие, болашақ отбасылық өмірге даярлау.

Сонымен қатар отбасы тәрбиесінің мәңгілік басты құрауыштары бар.

Олар:

- отбасы тәрбиесінің ахуалы (дәстүрі, қатынасы, жайлылығы);
- отбасы өмірінің күн тәртібі;
- әрекеттер мазмұны (әкенің, шешенің, әженің, атаның, балалардың).

Баланың отбасындағы өмірін және іс-әрекетін ұйымдастыруда күн тәртібін жасау және талап қоя білудің мәні ерекше. Күн тәртібі баланың еңбегі мен демалысының, парасаттылықпен, жас және дербес ерекшелігіне сәйкес өтуін қамтамасыз етуі тиіс. Отбасы мүшелері бала бойында жақсы әдеттерді қалыптастыруды және оның дүниетанымы мен өмірлік бағыт-бағдары мен көзқарастарын дұрыс қалыптастыруды мақсат тұтады.

Отбасы бала тәй-тәй басып жүре бастаған кезден-ақ оны жиналыққа, тілалғыштыққа, еңбекке, мұқияттылыққа, жауапкершілікке, әдептілікке үйретеді. Отбасы баланың күн тәртібін құруда өз отбасының үй жағдайын, баланың денсаулығын, дәрігер, тәрбиеші не мұғалімдер кеңесін, мектеп пен отбасы талаптарының бірлігін есепке алғаны дұрыс. Өйткені, бала өмірінде еңбек, демалыс, ойын, үй

тапсырмасын орындау, ұйқы және т.б. дұрыс кезектесіп отыруы тиіс. Педагог-психолог ғалымдар пікірлері бойынша белгілі-бір реттелген күн тәртібін сақтау нәтижесінде бала миының үлкен жарты шарының қабында динамикалық стереотип пайда болады. Мысалы, баланың нақты бір мезгілде тамақтануы, ұйқыға кетуі берік қалыптасса, оның ағзасы сол уақытта оған даяр болып, денсаулығы нығая түспек. Белгілі дағды әдетке айналады.

Баланың күн тәртібін ұйымдастырудағы отбасының іс-әрекеті:

- сабақ үлгілерімен бақылау. Сабақты себепсіз қалдырмауына ат салысу;
- оқуда үлгеруіне, достарымен қарым-қатынасының дұрыс болуына көмектесу, жағдай туғызу.

- сынып жетекшісімен, мектеппен тығыз байланыс орнату;

- қызығушылығын дамыту, танымдық өй-өрістерін кеңейту үшін үлгірмелер, факультативтерді таңдауына көмектесу;

- ақыл-ой еңбегін ғылыми ұйымдастыруға үйрету, ұсыныстар беру, психологпен бірге әңгімелесу;

- араласа білуге, қоғамдық орындарда өзін дұрыс ұстай білуге баулу;

- қоғамдық пайдалы және өнімді еңбекке, имандылыққа, салауаттылыққа тәрбиелеу;

- санитарлы-гигиеналық дағдыларды сіңірту;

- адамгершілік-жыныстық, эстетикалық мәдениетін қалыптастыру.

Бала толыққанды отбасы мүшесі, сондықтан оның отбасындағы өзінің міндеттері мен борышын адал атқаруы оған да, отбасы мүшелеріне де қуаныш сыйлайды. Ол үшін отбасы мүшелері бала еңбегіне артық салмақ түсірмей не жеңіл-желпі қарамай, парасатты және әділетті болғандары абзал. Яғни, оқудан келген соң демалуын, оқуын пайдалы еңбекпен ұштастырып отыруын бақылап, дұрыс бағыт-бағдар беріп отырулары керек. Отбасы мүшелері баланы түрлі іс-әрекеттерге және өз бетімен еңбек етуге үйретулері қажет.

Отбасында ата-аналар балалар іс-әрекетін ұйымдастыруда төмендегідей шарттарды есепке алуы тиіс:

- баланың қызығушылығын, ішкі сезімдері мен көңіл күйлерін тұрақтандыру мақсатында міндеттерін бөлуді жоспарлау мен жүзеге асыруда онымен санасу жағын қарастыру;

- балаға сенім білдіру және жас және дербес ерекшелігіне сәйкес болуын қадағалау;

- әр баланың міндеттерін дәл, нақты анықтау;

- әр істің балалардың өзара қатынасының дамуы мен нығаюына және рухының өсуіне қажетті тәрбиелік мәнінің болуы;

- жалпы отбасы тәрбиесінің тұлға дамуының факторы болуын қамтамасыз ету;

- баланың дербестігі мен ынтасын есепке алу;

- балалардың өзара сыйласымдылық пен мейірімділікке, сенімге негізделетін іс-әрекеттерді тапсыру;

- тапсырманы орындау барысында қолдау көрсету, түрткі қалыптастыру.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты – балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт

деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Адамға нағыз бақытты – тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні – өз ұрпағы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады.

Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауыр-малдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер – отбасыда тәрбиеленіп, балаға сөзбен, теориямен жеткізілмей, үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ, әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындауына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Өстіп баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт беріңіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді.

Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үніліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмаса. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді. Негізінен, жанұяның шырқы бұзылған, ата-анасы маскүнемдікке салынған немесе жарамдық жағынан азғынданған ортада бала, жасөспірім қашанғы жиренішті көріністі, ондағы айқай-шу мен дау-жанжалға, ұрыс-керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмір аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз? Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырған аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала – әр отбасының бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ел ертеңі бүгіннен басталатынын терең түсінген дана халқымыз ежелден «Бала – өмір жалғасы» деп біліп бала тәрбиесін жақсы көңіл бөлген.

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен ішкі және сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас ұрпақ.

Ұрпақ тағдыры дегеніміз – ұлт тағдыры. Әрбір ұлттың болашағы, оның білімді де іскер, талантты да мәдениетті, адамгершілік асыл қасиеттерді бойына сіңірген тәрбиелі ұрпақтарының қолында.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Қазақстан оқу жүйесінің міндеті әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру» – деген өзінің жолдауында еліміздің дамуына, дамыған елдермен теңесуіне мүмкіндік беретін білім екендігін айтып өтеді.

Туған халқының мінез-құлқы, наным-сенімін жете зерделеген ғұлама Ахмет Байтұрсынов қазақтың құдайдан кейінгі қорқатыны дәстүр бұзушылық екенін айтады. Қазақ дәстүрді білмегенді, сыйламағанды надан дейді. Бұл – өте ауыр сөз, ауыр кінә, бірақ әбден орынды баға. Қазақтың туыстық, құда – жекжаттық, той-томалақ өткізу, өлім жөнелту, аруақ сыйлау, үлкенді, ата-ананы құрметтеу, қыз ұзатып, келін түсіру, жүйелі сөзге жығылу, тоқтау, обал-сауап, дастархан, шаңырақ, қонақ сыйлау т.б. салт-дәстүрлерінде қаншалық адамгершілік, ізгілік, көргендік жатыр. Осындай дәстүрлерімізді ардақтап, қадір тұтуға ақыл-парасаты, мәдениеті, білім-білігі жетпеген жетесіз надан, көргенсіз болмағанда не болады?

Бала тәрбиесі баршамызға ортақ іс. Оған көпшілік қоғам болып жұмылу, парасаттылық пен байсалдылық керек.

Осығын орай, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы қоғамдағы ірі өзгерістермен бірге, ұлттық сананы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді, халықтық қадір-қасиетімізді, психологиялық табиғи белгілерімізді жандандыру мен жаңартуымызға елеулі септігін тигізуде.

Әдістемелік құралды тәмәмдаудың соңғы тұспалында, келесі қорытындылар мен ұсыныстар жасалынды:

1. Мектептерде ата-аналарға арналған салт-дәстүрлердің көмегімен тәрбие жөнінде арнайы семинар-тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізу;

2. Мектептерде ата-аналардың арасынан салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарды білуі мен орындалуы бойынша сауалнамалар өткізу;

3. Мектептерде «Ақсақалдар кеңесін», «Аналар мектебін», «Ене мектебін» құру;

4. Мектептердегі ұстаздар тарапынан балаға мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер, тыйым салуларды көбірек айтып, тәрбие беру;

5. Сыныптан тыс «салт-дәстүр – қазақи тәрбиенің негізі» тақырыбы бойынша ата-аналармен, оқушылардың арасында пікір-талас ұйымдастыру;

6. Ата-аналар тарапынан үйдегі, отбасылық жағдайында өтіп жатқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды балаға түсіндіріп, маңызын, мағынасын аша білу;

7. Ата-аналар балаларымен бірге қазақ театрларына, қазақи фольклорлық қойлымдарына, тарихи мұражайларға, ұлттық-мәдени орталықтарына жиі барғандары абзал;

8. Ата-аналары қарт ата-әжелерімен бірге отбасылық жиындарын көбірек ұйымдастырып, аңыз-ертегілерді, бұрынғы лиро-эпостық жырларын әңгімелеп, әндер, күйлер тартысып, отбасылық кештерін ұйымдастыру;

9. Қазақтың салт-дәстүрлерін пайдалану бойынша ұсынған әдістеме мен оның негізінде жасалатын бағдарламаны қазақ мектептерінің орта және жоғары буын сыныптарына ендіру қажет.

Әдістемелік құрал иллюстрациялармен безендірілді (материалдар ашық қолжетімді интернет дереккөздерінен алынды).

Кең құшақты қазақ даласында бабалар дүбірі мен даналар үнімен, ата-бабалар салт-дәстүрімен тәрбие алып өскен – қазақ балаларымыз. Өз ұлтымыздың ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатқан салт-дәстүрімізді ұмытпауымыз керек.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралда қарастырылған тақырып – көкейкесті, өміршеңдігін жоймайтын мәселе.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Асыллов Ұ., Нұсқабай Ж. Әдептану. А., 2002.*
Абдуллаева Б. Еңбек тәртібі – береке. - Ұлағат: 2002. 5 бет.
Абдуллаханова У. Халық мирасының жарасымды жалғасы // Қазақстан әйелдері, 1990. - 6 б.
Агейкина М. Развитие и сохранение национальной культуры // Мир искусства. 2004. - 16 с.
Асылбеков А. Бала тәрбесіндегі семьяның рөлі. - Алматы: Мектеп, 1986.
Асыллов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдеп: инабаттылық дәрістері. Оқу құралы. - Алматы: «Рауан», 1998. - 272 б.
Ахметжанова К. Қазақ халқының мәдениет-танулық негіздері / Алматы, 2002.
Әлімқұлов Б., Әбдіраманов Е. Күйеу келтір, қыз ұзат – тойынды қыл. А., 1994.
Байбосынов Н. Өнерді тану – өзінді тану // Ақ желкен, - 2001. - 18 б.
Байсарина С.С. Қазақтың салт-дәстүрлерін оқу-тәрбие процесінде пайдаланудың педагогикалық шарттары (5-9 сынып бойынша). Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.
Габбасов С. «Тәрбие – тал бесігі».
Ерсарыұлы Наурызбай. Еңбекке баулу хрестоматиясы. А., 2000.
Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. А., 1994.
Қалиев С., Оразбаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. А., 1994.
Кенжеахметұлы С. Казахские народные традиции и обряды. - Алматы: Ана-тілі, 2002. - 96 с.
Кенжеахметұлы С. Жеті қазына: жиған-терген. - А., 2001.
Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері (орта мектептің VIII – IX кластарына арналған оқу құралы). – Алматы: «Рауан», 1994. - 222 б.
Құрамұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы / Жалпы ред. Ғ. Халықұлы. - А:1998. - 56 б.
Қазақстан мәдениеті / Құрастырған О.Оралбеков. - Алматы: Өнер, 1987. - 80 б.
Қоянбаев Ж. Балаларды семьяда тәрбиелеу. - Алматы: Білім, 1997.
Нұсқабайұлы Ж. Әдеп: инабаттылық дәрістері. - Алматы: Рауан, 1998.
Толыбаев Қ. Бабадан қалған бар байлық: этнографиялық-танымдық әңгімелер. - Алматы: 2000. - 57 б.
Халықтық педагогика негізіндегі жаңа технологияларды оқу үрдісінде қолдану. Ізденіс, Алматы, 2007 ж., №2.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
<i>I тарау.</i> Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының қоғамдық және отбасылық мәні, қалыптасу тарихы, заманауи қоғамдық талаптарға сәйкестілігі	5
<i>II тарау.</i> Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары түрлеріне сипаттама беру.....	9
<i>III тарау.</i> Қазіргі кездегі салт-дәстүрлерді білім беру мекемелерінде оқыту әдістемелері, отбасылық жағдайда оларды қолдану түрлері.....	20
ҚОРЫТЫНДЫ.....	36
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	38

Басуға 18.11.2013 қол қойылды. Пішімі 60x84¹/₈. Офсеттік басылыс. Қағазы офсеттік. Физ. б. т. 5. Шартты б. т. 10,0. Есеп. б. т. 10,2. Тапсырыс № 243. Таралымы 3000 дана.

Қазақстан Республикасы. «Полиграфсервис» ЖШС.
Алматы қаласы, 050050, Зеленая көшесі, 13а.